Жаркент Айнасы

№23 (43),
24 желтоқсан,
бейсенбі, 2020 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ҚАЗАҚ БАС КИІМДІ НЕГЕ ҚАДІР ТҰТҚАН?

Қазақ бас киімді жерге тастаса, бақ таяды, бас кемиді деп ырымдаған. Баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Киіп жүргенін ешкімге сыйламаған, бермеген.

Қазақ ғұрпында жақсылықтың барлығы адамның маңдайына жазылады деген ұғым бар. Сондықтан бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге, басып отыруға тыйым салып, төріне ілген.

АҚИКӨЗ

Өткен ғасырдың соңғы ширегінің әр жылдары бұған дейін бір сыдырғы өтіп жатқан өміріме өзгеше бір өзгерістер әкелген, жаныма рухани өң кіргізген, жағымды жақсылықтар мен әртүрлі қызықты оқиғаларға толы жылдар болды деп айтсам артық кетпейтін сияқтымын. Қазақ жұртының көптеген көз тартатын көрікті жерлерлерін аралап, ол жерлердің тұрғылықты жандары жайсаң, жүздері жылы адамдарымен жолығып, амандаса жүріп қазақтың қазынасы делінетін көне әңгіменің көзін сапыратын, ауызынан сөз шықса қатпарлап мақалдап, нақылмен баяндайтын, көмейден келген қоңыр үні көңіліңді ұйытатын баяғының сарқыты болған қариялармен араласып, талайының қасында тыңдаушы болдым. Ақсақалдардың арасында тыңдай отырып әңгімелерінің әлқиссасымен өзіне үйіру үлгісін үйреніп, сөз саптауларына қарап бұрыңғы сұңғылылардан сынып түскен алтынның сынығындай болып сақталып қалған, даланың даналары осылар шығар деп іштей ой түйіп қоятынмын. Айтқан әрбір нақылдары, мақалдары, арасында көнелердің толғау өлеңдерінің шумақтарын төгіп тастап толғаған кездеріндегі сөздері талайларды тәнті етіп, таңдай қақтырар тайтұяққа тең еді-ау. Бала жасымнан бойыма сіңген әңгіме тыңдағыш әдетіммен ел арасына кіргенімде қайсы ауылға барсамда сыртынан сұрастырып жүріп жасы келген шежірелі көнекөз қариялары бар үйлерді жағалайтынмын.

Бірде, жолым түсіп шығыстан батысқа қарай жоталанып жатқан Кетпен тауының солтүстік баурайындағы келбеті келіскен, сұлу сайды құлдилай, сылдырап ағып жатқан бұлақтың бойын өрлей орналасқан отыздан астам отбасы мекендеп отырған шағындау ауылға соқтым. Арнайы келген шаруамды бітірген соң, осында тұратын ауыл ағасы қарияға амандасуға үйіне бұрылдым. Өзектің ішінен екі жаққа қиялай түскен ауылдағы орталау мектеп, ыңғайластырылып салынған аласа ғана медпункт, күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар сататын (өздерінше айтқанда әмбебап) дүкен, кіре берістің маңдайшасына оңыңқырап қалған қызыл матаға ұран жазылғандығынан білінетін клуб, тіпті тұрғындардың үйлерінің барлығы да беткейге қарай жамырай өрген қой сияқты салынған. Өзектің астыңғы жаңынан жоғарылата көз жіберсең тамаша бір сурет көргендей күйге қаласың. Туа сала тау қуалап таста өскен, көзін ашып көргеннен қияда өмір кешіп келе жатқаннан соң бұл тірлік ауыл адамдарына үйреншікті тұрмыс саналып ойды-қырды көп ешкім елей бермейтін. Көлігімізді үйлерден, бұлақ суы әрлі-бері бұралаңдап өтіп андыз-андыз қылған, жаңбырдан соң сел сілемдеген, әудем жердегі жол аты бар тастақтау жерде қалдырып жоғары өрледік. Жасы келген үлкендердің әдетінше сыртқа шығып, иығына жеңі ұзын қазақы шапанын желбегей жамылып, жылы шырай беріп күтіп тұрған қарияға жақындадық. «Жас адамға жараспас, жамылып жүрсе желбегей» деп келетін жыр-толғаудың шумақтары ойыма оралды. Ал, қарияға жамылып тұрған желбегей шапаны жігерсіз адамды сескендірердей ерекше сұсты келбет беріп тұр. Ағамыздың ортадан жоғары бойы бар иықты келген дөңгелек жүзіне, келісті етіп қойған иегіндегі шоқша сақалы жарасып тұрған, мұртты адам екен. Қия беткейді түзеп жіберіп тепсеңге келістіріп отырып қарағайдан қиылған бөренелерден салынған үйінің алдында бізді қарсы алып тұрған ақсақалға жүргізушім екеуміз қос қолдап амандастық. Аз кем аман-саулық сұрасқан соң өзі бастап үйге кірдік.

Қулық тауының көкорайлы әсем жерінің бірі саналатын осы ауылда дүниеге келіп бала жасынан бері жеті атасының шежіресімен тау-тасының, ел-жұртының тарихы бүге-шігесіне дейін жадына тоқылған, қазақтың салты мен дәстүрін, істің жөн-жосығын жақсы білетін сұңғыла жанмен бүкпесіз әңгімелесіп бір сергіп қалдық. Ұзақ уақыт бойы осы ауылды абыроймен басқарып келе жатқаны тағы бар. Ақсақалымыз сөйлеген сайын әңгімесіне буының босап бусанып тыңдағың келіп, аузынан шыққан тұщымды сөздері жаныңа жұғымды бола бастағаны бір бөлек. Қария шай үстінде сынай қарап отырып мені сыртымнан білетінін, жазған өлең, әңгімелерімді газет беттерінен оқып тұратынын айтып, сөз арасында шыққан тегімді де түгендеп алды. Сауалдарынан ағамыздың ата текті түгендеу жағынан да оралымды екенін байқадым. Біздің «амандасып қана шығайық деп едік» деген сөзімізді құлаққа ілмей өткізіп жіберіп, «Алыстан жолаушылап келіп қалдыңдар қайтар жол ұзақ тамақ салып қойды, астан ауыз тиіп қайтыңдар» деп ыңғай бермеді. Ат-атағы шыққан, мінезі де бірбеткей қарияның сыйын көрмекке, бір жағы үй иесі ықылас танытып жатқаннан соң жүргізушім екеуміз қарсылық білдіре қоймадық, бел шешіп екі қабаттап салынған төр көрпенің үстіне қос құс жастықтықтан қолтығымызға көміп шынтақтап, созылыңқырап жайғастық.

(Жалғасы 4-5-6 бетте)

Қайнайды қаның

Тас атқанға – тас атам, Ас атқанға – ас атам!

Ресей мемлекеттік думасының, білім және ғылым жөніндегі комитетінің төрағасы Вячеслав Никоновтың «Қазақстанның территориясы - Ресей тарапынан үлкен силық» деген арандатушылық сөзіне жауап!

Әй, Никонов бәтшағар,
елемес те едім сөзіңді,
танымас та едім өзіңді,
тауыспас та едім төзімді.
Үндемегенімді алайда,
мойындады деп білерсің,
сандырақтап тағы жүрерсің.
Қасиетті жеріме,
телміріп көзің сүзерсің.
Тарихын білмес ақымақ,
артыңа қарап алсаңшы.
Қазақтың байтақ жеріне,
көзіңді сосын салсаңшы.
Миың шайқалып қалмаса,
Тарихқа терең барсаңшы.
Сақ пенен Ғұн кім еді?
Білмесең жұртың біледі.
Көк Түріктің найзасын,
Ұмытпайды тарих жүрегі.
Бүгінгі қару – қызыл тіл,
Алдаспан тілі жарқылдап,
жаудың жонын тіледі!
Алтын Ордаға бас иген,
Құлақ кесті құл едің.

Алтын Орданың тағында,
Отырған Бату хан еді.
Шыңғыс ханға немере -
ақылы асқан жан еді!
Ресейге салық сап еді...
Аузыңды Славка, жап енді!
Көк Түрікке бағынып,
барыңды беріп, жалынып,
тұрған күніңді ұмытпа,
тарихты салма былыққа!
Тас лақтырма тұныққа!
Түкірме «досым», түкірме,
Өзің су ішкен құдыққа!

Төріме кел деп шақырсам,
Төр менікі демегін.
Алтын Орданың кезінде,
Айтшы өзің, кім едің?
Сондағы мына қазаққа,
Басыңды иіп жүр едің.

Алтын Ордамның жалғасы,
Қазақстан – Отаным,
Шоқ түсірді ме шабыңа,
Әлемге жеткен атағым?!
Тәуелсіз елмін бүгінде,
Болмасын менде шатағың!

Қазақ пен Орыс ежелден,
Көрші отырған халықпыз.
Жеріміз қандай кең болса,
Өзіміз сондай алыппыз!
Екі араға от салмай,
Жөніңмен жүр Никонов,
Түн болсаң, біз жарықпыз!
Дос болсаң әкел қолыңды,
Жау болсаң тұрар жеріңді айт,
Шаманды қане танытқыз!

Ісіне сенің қанықпын!
Кетпесеңші лағып тым,
Мазасын алма халықтың,
Сендейді көзге ілмейтін,
Қазақ деген алыппын!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Nur Otan – Қазақстанның қарқынды дамып, өркендеуін мақсат тұтқан партия. Ол – еліміздегі жетекші саяси күш! Қазақстан үшін сындарлы сәттерде нұротандықтар әрдайым халықтың жанынан табылып, қиын да күрделі міндеттерді атқарып келеді. Біз ешқашан бір сәттік пайданы көздеген жоқпыз, орындалмайтын уәде беруден де аулақ болдық. Қоғамымыздың орнықты дамуы мен азаматтарымыздың тұрмысын жақсарту жолында тынымсыз жұмыс істедік. Заман алдымызға тартқан сан түрлі сауалдарға біздің дайын жауабымыз болған жоқ. Соған қарамастан еңбектене жүріп үйрендік, қажетті тәжірибе жинақтадық.

Соңғы кездерде бетпе-бет келіп отырған қиындықтар партияның саяси тұғырнамасында көрініс тапқан құндылықтардың ерекше маңыздылығын тағы да растады. Бұлардың қатарында – Адам, Бостандық, Заң үстемдігі, Әділдік, Бірлік, Болашаққа нық қадам, Отбасы мен дәстүр секілді қастерлі ұғымдар бар. Біз өз шешімдеріміз бен әрекеттеріміз барысында сара жолды саясатқа сүйене отырып, әрдайым ұлы мұраттар жолында жұмыла білдік. Сарабдал саясат жүргізу және барша қазақстандықтардың мүддесін ескеру елдегі тұрақтылық пен бірліктің негізіне айналды.

Nur Otan партиясының 2025 жылға дейінгі «ӨЗГЕРІСТЕР ЖОЛЫ: ӘР АЗАМАТҚА ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР!» атты сайлауалды бағдарламасы – біз қолға алған реформалардың заңды жалғасы. Жаңа бағдарлама – аса ауқымды, бірақ нақты жоспарланған, қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген мақсаттар мен бағдарлар жиынтығы.

Бүгінде партиямыздың өзіндік дәстүрі, қол жеткен табысы мен тәжірибесі, қатары қалың жақтастары бар. Партияның республикалық сайлауалды бағдарламасы алғаш рет 216 аймақтық бағдарламада егжей-тегжейлі көрініс тапты. Бұл алға қойған міндеттерді еліміздің кез келген өңірінде, барлық деңгейде тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. Біз елді жаңғырту мен барша қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін арттыру бағдарын берік ұстанамыз.

Барша сайлаушыларды алдағы сайлауда Nur Otan үшін дауыс беруге шақырамын. Қазақстандықтар бейбіт өмір, тұрақтылық пен жарқын болашақ үшін дауыс беретініне сенімдімін!

Қуатты мемлекет пен тең мүмкіндіктер қоғамына таңдау жасаңыздар!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Елбасы, партия Төрағасы.

ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі бола отырып, өз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайында еліміз серпінді экономикасы, тұрақты саяси институттары және дамыған азаматтық қоғамы бар мемлекет ретінде біртіндеп орнықты даму жолына түсуде.

Мұндай саясаттың өзегін Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық бағытының сабақтастығы құрайды.

Коронавирус пандемиясының әсеріне байланысты туындаған құбылмалы, тұрақсыз ахуал күрделі әлеуметтікэкономикалық және саяси мәселелерді шешуде инновациялық тәсілдерді қажет етеді. Сондықтан да, қоғам Nur Otan партиясына жаңа идеялар мен білікті кадрлардың генераторы ретінде үмітпен қарайды.

Бұл ретте «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толыққанды жүзеге асыру айрықша маңызды деп санаймын. Шынтуайтында, мемлекеттік институттар ендігі жерде қоғамдық мүдделерден бөлек жұмыс істей алмайды, олардың қызметі толығымен азаматтарымыздың нақты сұраныстары мен талап-тілектеріне бағытталуы керек.

Елдегі жетекші саяси күш ретінде Nur Otan партиясы осынау бағытта басты біріктіруші рөлін атқаруға тиіс.

Партия әзірлеген 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды тұғырнама – бүгінгі күннің күрделі ахуалына қатысты объективті көзқарас. Құжатта азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру бойынша барынша ойластырылған шаралар қамтылған.

Партияның өз сайлауалды тұғырнамасын тиімді іске асыруы еліміздің өркендеуін, әділдіктің үстемдігін, заңдылық пен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететініне сенімім мол.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

ӨЗГЕРІСТЕР ЖОЛЫ: ӘР АЗАМАТҚА ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР!

ЕЛБАСЫ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН ЖОЛ:
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ 10 ЖЕТІСТІГІ

Бірінші – Қазақстанның айналасына «тату көршілік белдеуі» түзілді. Әлем бізді бұрын танымайтын. Шекарамыз шегенделмеген еді, бұл еліміздің аумақтық тұтастығына тікелей қауіп төндірді. Алғаш рет біз еліміздің құрлықтағы 13,4 мың шақырым және судағы 2,3 мың шақырым шекарасын халықаралық келісімдермен бекіттік. Бұл басқа мемлекеттермен ынтымақтастық орнатуға, шетелдік инвестицияларды тартуға негіз болды. Олардың көлемі 350 млрд. доллардан асты.

Екінші – экологиялық апаты асқынған ауқымды аймақтарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Арал экологиялық апаты мен Семей полигоны экожүйеге, оны қоршай орналасқан аймақтардың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайына барынша теріс әсер етті.

Біз Семей ядролық сынақ полигонын жаптық, іргелес аумақтардағы жағдайды жақсарту үшін кешенді шаралар қабылдадық. Осы арқылы барша әлем елдеріне мемлекетіміздің бейбіт өмір, берекелі тіршілікті жақтайтын ел екенін паш еттік.

Біз әлемдік деңгейде алғанда аса ауқымды Арал теңізін қалпына келтіру, іргелес аумақтардағы өмір сүру сапасын жақсарту бойынша экологиялық жобаны өз күшімізбен іске асырдық.

Үшінші – Қазақстанда бірлік, бейбітшілік, келісім және тұрақтылық түбегейлі орнықты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көпшілік біздің елімізде ұлтаралық қақтығыстар туындап, құлдырауға ұшырап, кері кетеді деген болжамдар жасады. Халқымыздың даналығы мен кеңдігінің арқасында біз ұлтаралық келісімнің ерекше моделін іске асырдық. Біз барлық ұлт өкілдерінің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, мемлекеттік тілді, мәдениет пен дәстүрді сақтау мен дамытуға жағдай жасадық. Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлт бірлігін нығайтуға зор үлес қосып келеді. Біздің осынау тәжірибеміз бүгінде әлемде мойындалып, көптеген мемлекеттер оған қызығушылық танытып отыр.

Төртінші – түбегейлі жаңа нарықтық экономика құрылып, еліміздің әлеуеті едәуір артты. 90-шы жылдары Қазақстан гиперинфляция, бюджеттің ұзаққа созылған тапшылығы, ел табысының күрт төмендеуі және жұмыссыздықтың өсуімен қатар жүрген күрделі экономикалық дағдарысты бастан кешірді.

Соған қарамастан, біз бүгінгі таңда посткеңестік елдер арасында көлемі 2-ші және әлемнің 206 елі ішінде 41-ші орын алатын экономиканы құрдық.

Бесінші – демографиялық дағдарыс еңсерілді. 1991-1998 жылдар аралығында Қазақстаннан 2,6 млн. адам көшіп кетті. Өмір сүру ұзақтығы қысқарып, туу деңгейі күрт төмендеді. 1999 жылы халқымыздың саны 14,8 миллион адам болды. Бүгінде халық саны шамамен 4 млн. адамға өсті. 1 миллионнан аса қандасымыз отанымызға оралды. Біз өмір сүру ұзақтығының 7,5 жасқа өсуіне, ана өлімінің 4,8 есе және сәби өлімінің 2,4 есе төмендеуіне қол жеткіздік.

Алтыншы – қазақстандықтардың өмір сүру сапасы едәуір жақсарды. Халықтың табысы доллармен шаққанда 9 есе өсті, кедейлік деңгейі 10 есе, 4,6%-ке дейін қысқарды. Елімізде бұрын жекеменшіктің болмағанына қарамастан, қазір 1,3 млн. қазақстандық жеке бизнес иесі болып отыр. Олардың ел экономикасына қосқан үлесі 30%-тен асады. 131,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жетінші – экономиканың жаңа салалары қалыптасты. Қазақстанда бұрын өндірістің толық циклды кәсіпорындары болған жоқ. Экономика негізінен шикізаттық бағытта қызмет етті, өнеркәсіптің 93%-і бұрынғы КСРО-ның орталық ведомстволарына бағынды. Тәуелсіздік жылдары біз ең үздік әлемдік стандарттарға сәйкес келетін мұнай-химия кешенін құрдық, мұнай-химия индустриясының дамуына, металлургияны қайта өңдеуге негіз салдық, Қазақстанда өндірілмейтін 500 өнім түрін шығаруды игердік. Бүгінде Қазақстан өнімдерін 132 елге экспорттайды.

Сегізінші – еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық қауіпсіздігі үшін жағдай жасалды. Біз өз ресурстарымызды тиімді игеріп, Ұлттық әл-ауқат қорын құрдық. Бүгінгі күні Қазақстанның алтын-валюта жинағының көлемі шамамен 100 млрд. долларға жетті. Бұл – біздің қауіпсіздігіміздің кепілі. Осының арқасында біз әлемдік дағдарыстарды ауыр күйзелістерсіз еңсеруге мүмкіндік алып отырмыз.

Тоғызыншы – көлік тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Бізде көршілеріміздің сыртқы нарықтарына да көлік қатынасы болған жоқ. Бүгінде Қытайға үш көлік-транзиттік жол, біреуі – Түркіменстанға, Иран мен Күнгей Кавказға шығатын теңіз порттары салынды. Қазақстан Қытай мен Еуропа арасындағы жүктердің 85%-тінің жерүсті тасымалдануын қамтамасыз ететін ең ірі трансконтиненталды көпірге айналды. Транзиттік кірістер жылына 2 миллиард долларға жетті.

Оныншы – тәуелсіз Қазақстанның символына айналған және әлемдегі кез келген заманауи мегаполистен кем түспейтін, **ел мақтанышы – жаңа астана бой көтерді.** Елорда құрылысы ауқымды міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, ол ел экономикасының дамуына серпін беріп, басқа қалалардың да өмір сүру сапасы стандарттарын арттыруға жол ашты. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан – маңызды халықаралық бастамалардың, іргелі іс-шаралар мен келіссөздердің орталығы.

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА

Желтоқсанның 21-і күні «Nur Otan» партиясының сайлауалды штаб мүшелері Талды ауылдық бастауыш партия ұйымының мүшелерімен кездесіп, партияның сайлауалды бағдарламасын талқылады.

Кездесу барысында Панфилов аудандық партиялық бақылау комиссия төрағасының орынбасары Досмаилов Қанат пен штаб жетекшісінің орынбасары Құрманжан Аубекұлы жастарға қолдау көрсету, денсаулық сақтау саласының сапасын көтеру, мемлекеттік органдар жұмысын жақсарту, ауыл шаруашылығын дамыту секілді маңызды мәселелерді талқылады.

«Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты – өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуының көрсеткіші. Біз денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік салада сапалы қызметтерге қол жеткізе отырып, тұрғындардың өмір сүру жағдайын арттыруға күш саламыз», – деген партиялық бақылау комиссия төрағасының орынбасары Қ.Досмаилов партия бағдарламасындағы негізгі басымдықтар партияның алға қойған басты мақсаты екендігін айтты. Сондай-ақ партиялықтардың айтуынша, азаматтарды толғандырып жүрген көптеген мәселелер «Nur Otan»-ның сайлауалды уәделерінде көрініс тапқандығын ерекше атап өтті.

Шара барысында бастауыш партия ұйымымен сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары пысықталып, өзекті сұрақтарға жауап берді.

«ЕСІКТЕН ЕСІККЕ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ТҰРҒЫНДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын тұрғындарға таныстыру мақсатындағы кешенді жұмыс өз жалғасын тауап келеді. Желтоқсанның 22-сі күні аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Тұрлыбеков Нұрлан партияның желілік кестесіне сәйкес «Есіктен есікке» акциясын өткізді.

Партия бағдарламасы ел тұрғындарының игілігі үшін және жаңа бастамаларды көтеріп, нақты іске бағытталғандығын атап өтіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ауданда 27927 отбасы тұрады. «Nur Otan» партиясы отбасы институтын нығайту, олардың материалдық тұрақтылығын қамтамасыз ету, тұрғын үй алу үшін мүмкіндіктер жасау жөніндегі шаралар кешенін қолдануға мүдделі екендігін атап өтті. Округ тұрғындарын «Nur Otan» партиясына дауыс беруге шақырды. Ауылдық округтегі шешімін таппаған проблемалық мәселелерді үміткер түртіп алып, қолдан келгенше жұмыс жүргізетінін айтты.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

Желтоқсанның 23-інде Панфилов аудандық «Nur Otan» партия филиалының штаб жетекшісі, партиялық бақылау комиссия төрағасының орынбасары, аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Қанат Нұркешұлы, аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Дарубаева Айгуль мен Құдайбергенов Қуаныш Пенжім ауылдық округінің тұрғындарымен проблемалық мәселелер жөнінде кездесу өткізді.

Кездесу барысында ауылдағы жарық мәселесі, білім беру және жаңадан салынған денсаулық сақтау нысаны туралы да әңгіме қозғалды. Осы мәселелерге қатысты шешімі табылмаған мәселелер партия назарында болатындығын айтып өтті.

Аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Қ.Нұркешұлы: «Ауыл – қазақтың негізгі күретамыры. Ұлт руханиятының ошағы да ауылдан бастау алады. Салт-дәстүр, мәдениеттің сарқылмас қоры да ауылда сақталып келеді», – деп ауыл халқының әлеуметтік ахуалын нығайту партия алдындағы ең негізгі міндет екендігін айтып, ауыл тұрғындарының сұрақтарына жауап берді. Партия ықпалымен келер жылы Пенжім және Үшарал ауылында дене шынықтыру кешенінің құрылысы жүргізілетіндігін де ерекше атап өтті. Мәдениет нысандарының жағдайын жақсарту мақсатында 2023 жылы Алмалы ауылындағы мәдениет үйін және Пенжім ауылындағы мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілетіндігін де ерекше атады.

Ал мәслихат депутаттығына үміткер А.Дарубаева мен Қ.Құдайбергенов партия бағдарламасымен таныстырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

ПАРТИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Желтоқсанның 23-і күні штаб жетекшісінің орынбасары Құрманжан Аубекұлы мен аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Нұрлан Ермекұлы ауданға қарасты Айдарлы ауылдық округіне барып, ауыл тұрғындарымен жүздесті.

Кездесуге барған спикерлер «Nur Otan» партиясы – азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жан-жақты арттыруды, әркімнің таза суға, ауаға және сапалы жолдарға қол жеткізуін қолдайтындығын атап өтті. Сондай-ақ қолайлы экологиялық жағдайды сақтауға бағытталған «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Ауыл – ел бесігі» жобаларын іске асыруға жәрдем болатындығына ауыл тұрғындарының назарын аударды. «Nur Otan» партиясы 2025 жылға қарай облыс халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін толығымен шешуді жоспарлап отыр. Ауданда ауыз сумен 97,6% қамтылған. Алдағы уақытта осы межені 100%-ға жеткізу партияның ең маңызды мақсаттарының бірі екендігін де ауыл тұрғындарына түсіндірді.

Партия бағдарламасын ұйып тыңдаған ауыл тұрғындары партияға қолдау білдіретіндіктерін білдірді.

АҚИКӨЗ

(Басы 1-бетте)

Шайланып, ар жағымызға ел қондырып алып, жайлана отырып ағамыздың арғы-бергідегі анау-мынау жөніндегі өткен-кеткен әңгімесін тыңдауға көштік. Бір мезет әңгімеміз үзіліңкіреп бара жатқанда «Бұрынырақта осы ауылда қызықты бір оқиға болған екен. Оның басы-қасында өзіңіз жүріп, жауапталып бара жатқан жігіттерге ара түсіп, ел ішіне алып қалған екенсіз, соны айтып беріңізші өз аузыңыздан естігім келеді» деп суыртпақтай сөйлеп, әңгімені сұраулы жүзбен жалғап жібердім. Кесек денелі кісі емес пе өзінің де есіне ұмытылмас оқиғаның бір қызықты сәттері түсіп кеткен болуы керек, селкілдей күліп барып, жымия беріп көз сулығына келген жасты орамалмен сүртіп барып тоқтады.

Әңгіменің тиегі ағытылды.

«Сонау сексенінші жылдардың орта шенінде, – деп бастады әңгімесін қария, – ауылымыздың үш-төрт жігіті бұрынғы аталарынан бойға сіңіп қалған барымташылық әдетімен мына таудың арғы бетін жайлап отырған қырғыз ағайындардың оншақты жылқысын амалын тауып, тау асырып сырылдата айдап төмендегі майда қырқамен өтіп бара жатқанда, малы қолды болып кеткендер ертерек сезіп қалып, мал алдырған топты адам іле-шала атқа қонып қуып жетіпті де осы төңіректе қаумалап, қаусырмалап жүріп жылқыларымен қоса өздерінде қолға түсіріпті. Қуғыншылардың арасында көрші елдің заң орнының адамдары да бар екен, шамасы солардың жылқылары да қосақ арасында кеткен болу керек. «Мал ашуы – жан ашуы» деп бекер айтылмаса керек-ті. Жігіттердің қылығы заң орнына түсіп кетіпті. Ауыл арасындағы қандай да бір әңгіме болмасын бірінші бізге, ауыл басшысына жететіні бар ғой. Менің де өзіме ұзынқұлақтан тиген бұл жайсыз оқиғаның соңы кәдімгідей дауға айнала бастады. Ұсталған соқталдай-соқталдай азаматтарды ауданға апарып қамап тастады. Анау жылдары да екі-үш рет жылқы ұрлап сатып жіберіп, олары білініп қалып жауапталып жүргенде әке-шешелері келіп, ағайын-туыспыз ғой, әлі жас қой, зиянын тигізген иесіне ат-шапан айыбын тартып, малының құнын төлеп берелік деп қыр соңымнан қалмаған соң араласып, беделімді салып жүріп абақтыдан босаттырып, жазадан құтқарып қалып едім. «Ет тәттілігін қойса мен ұрлығымды қояр едім» депті ғой бір баукеспе ұры. Бұлардікі де сол болды. Ендігі жерде істеріне араласпадым. Біраз уақыт абақтының аталасын ішіп, кәпөскесін жесе сойталдай немелердің естері кірер ме екен, уақытша тергеудің тас еденінде жата тұрсын дедім. Аудандағы ықпалды азаматтарға ара-тұра телефон шалып сұрастырып қоям. Бірте-бірте іс насырға шабатын болды. Менен бөлек ауылдың кейбір азаматтары аудандағы туыстарын тартып кірісіп көрген екен заң орындарының қызметкерлері ыңғай бермепті. Үйге бір-екі рет келіп амандасайық деп кірген үлкендері де қайыра соқпай, үндемей үйлерінде жатып алды, шамасы менен қайыр жоқ деп күдер үзген болу керек, айналып келіп соқпады, тек жақындарыма айтқан реніштерін естідім. Амалдың жоқтығынан ақ сақалды, сары тісті болып қалғанымда ағайын ренішін арқаламайын, отбасылы, балалы-шағалы жігіттердің жасы үлкен әке-шешелерін уайымнан жасына жетпей өлтірмейін деп жаным ашығандықтан «Жазған құлда шаршау жоқ», барымды киіп, бақанымды ұстап беттің жүзін белге түйіп өкіметтің адамдарын адақтап, аралап шығуыма тура келді. Ол кездегі қызметкерлер қанша айтсаңда бұрыннан араласып қалған көңіл жетер адамдар емес пе, жағдайымды тез ұғынып істің бітуінің жөнін айтып жатыр. Әп дегенде көп жылдардан бері араласып-құраласып қалған, дәмдес-тұздас, дастархандас болып жүрген, жасы зейнетке толып, әне-міне демалысқа кетейін деп отырған жолдасым, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына кірдім. Келген мәселемнің мән жайын менен де жақсы біліп отырған жолдасым біраз бітіретін істің жөнін сілтеп, мен оның ақылымен реттейтін болып шықтым. Зейнетке кеткелі қопаңдап отырғанда оған да мынау жайсыз оқиғаның қырын келуі ұнай қоймапты, әрі қылмыс санының өспегені бұған да, бұл басқарып отырған бөлімге де жайлы тиетін секілді. Осы бетіммен ауданның прокурорына да кіріп, оның да бетін қыбылаға бұрдым. Оқуын жақсы аяқтап келіп, тағайындалғанына екі-үш жыл болған өзіміздің бала еді, теріс кете қоймады. Алған бетіммен соттың бастығына да жолығып, аядай ауылдың жігіттері қателік жасап қойды деп істің тігісін жатқыза бастап келіп, оларды ауылға апарып, жұрттың талқысына салып, тәртіпке шақырып, қылмыстарын бетіне басалық, ашық сот өткізіңіз-ді айтып ымырға шақырдым. Бұл азаматым да кетары емес көрінді. Шешілетін істің бәрі қолдарында тұрған осы үшеуі еді. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» болып келісілді. Әйтеуір жандарына тимей, жұқалап жұмсақ сөйлеп үшеуін де шөре-шөреге келтіріп, беттерін бері қараттым. Ауылға келе салысымен тиісті адамдарды жинап тапсырма беріп, өзімізше дайындала бастадық. Келерлерінен екі-үш күн бұрын ауыл сәбеттің төрағасы екеуміз ауылдың шағын клубын тазалатып, үйді-үйден орындықтар тасытып, сынғанын осындағы ие болып жүрген балаға шегелетіп «иесіз, қараусыз қалыпты» демес үшін ретке келтірттік. Келісілген күні жиын басталардың алдында ауылдағы ел-жұртты клубқа кіргізіп, алдыңғы жағына алдын-ала ескертіп шақыртып қойған, бастарына қалпақтары мен қазақы шапандарын киіп келген төрт-бес қариямызды жөндеп алқалатып отырғызып қойдық.

Қонақтарымыз деп қояйыншы: сот, прокурор, милицияның бастығы бар бәрінің машинелері өрге қарай ыңыранып келіп іркес-іркес тоқтады. «Біздің батырларды» қазекең «биталәшкі» деп атайтын көшедегі мастарды жинап жүретін темір торлы «вытрезвитель» машинасына салып алып келіпті. Жазалыларды көліктен түсіріп жатқанда қастарында беліне қару асынған сұсты екі қарауылын байқап қалған клубтың төңірегінде тұрған ауылдың тәлтіректеп, алқам-салқам жүретін кейбіреулері «құдай, мұндайды басқа келтірмесінді» айтып, кәдімгідей іштартып, сескеніңкіреп теріс айналғандай болды. Милицияның екі қарауылы әлгі жігіттерді қақпайлап ішке кіргізгенде әрнені айтып дуылдасып отырған жұрттың сөзі су сепкендей сап басылды. Жүрегі нашарлары үрпиісіп қалды. Ел тым-тырыс. Мәселесі қаралатын төртеуін кіре берістің сол жақ бұрышына тұрғызып екі жағына қаздия қалған екі қарауылы күңгірттеу жерде тіпті сұсты көрінді..

Өкімет адамдарын селсебеттің төрағасы бастап мен қостап құрақ ұшып, оң жақтағы бұрыштағы арнайы тіз қатар қойылған, үстіне ақ бәтес жабылған столы бар орынға жайғасуын өтіндік. Ашық соттың жиыны жауапкершілікпен байсалды басталып, жапжақсы-ақ аяқталып келе жатыр еді. Қысқасын айтқанда «басы қатты болса, аяғы тәтті боладыға» келіп тіреліп едік, аяқ астынан шақшәлекейіміз шықтыда қалды. Бірді айтып бірге кете беремін-ау, – деп қойып ағамыз аздап шегініс жасап өткен бір оқиғаға тоқтала кетті.

– Баяғыда іішкертінде Ақсу жағында болғанда естіген бір әңгімем бар еді, соны айта кетейін. Бұрындары сол елде үлкен лауазымды қызмет атқарған абыройлы, жұрт арасында беделді бір қарияның баласы шатақ шығарыпты. Құдай жаңылыстырса не шара бар. Ақаңа сылқия тойып алған жігіт өз үйінде қарадан қарап отырып әйеліне тиіскен болуы керек. Әйелі жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын момын күйеуінен ыға қоймай, сөз таластырып салғыласып отырған болуы керек. Әбден «кемеліне» келгенде батырлығы ұстап кетіп атып тастаймын деп керегеде ілулі тұрған мылтығына жармасып оқ сала бастапты. «Жалмауызға да жан керек» демекші, оқталған мылтықтан сескенген етжеңді дүрбелжін әйелі қорыққан болса керек, қалай қалай емес деп сүріне қабына далаға қарай домаладай жөнеліпті. Қызуы басына теуіп тұрған жігіт екінші рет бетіме қарсы келмей қаймығып жүрсін деп далаға шыға бере қолындағы қос ауыз мылтықпен басынан асырып екі рет атыпты. Ойбайын салып әйелі кеткен, мылтық дауысын естіп жиналған ел басу айтып, жігітті қойдыртып, ашуын алған сынай танытыпты. «Ел құлағы елу» деген. Сөз жерде жатама, ертесіне мұны әйелінің төркіндері естіп «айдың-күннің аманында мұнысы несі әйелін атқаны, тастай алмай жүрген адамымыз жоқ» деп сотқа арыз түсіріпті. Сотымыз танысып көріп, амал жоқ қарияны сыйлап, әрі ел-жұртты араздастырып қоймайын деп ауылға әкеліп ашық сот жасап отырып арасында: «Ақсақал, балаңыз осындай өрескел қылық жасады, бұл қылмысқа жатады оған жаза кесіледі, не дейсіз бұған?» десе зығырданы қайнап отырған әкесі баласына қарап қойып, «Барсын, құрған неме, өңкиген қатынға екі рет атып тигізе алмаған өзінен көрсін...» депті ғой.

Сол қария айтқандай гәп болды. Жаңағы жерден жалғайын. Қойшы әйтеуір, обалы не, әлгі жиында сөйлегендердің барлығы да жігіттердің бар айыбын беттеріне басып, ұялатындай сөз айтып, ел талқысына түскеннен кейін қайталамайтын шығарға әкелді. Келген жауапты қызмет адамдары да айыпталушыларды ауылдың жұрты кіналап әрі енді қайталамайтынына ел кепілдік жасап жатқан соң келісіп, ескерту жасап босататын болды. Жиналысты басқарып отырған селсебетім бәрі бітіп жиынды жауып енді тұра бергенімізде қайдан ойына түскенін: «Оу халайық, енді мына қонақтарға, жиналған көпшілікке қариялардың үлкені бата беріп жіберсін» деп қалмасы бар ма. Іс оңынан келіп көңілденіп отырғандар «е..жөн сөз, берсін, сөйітсін» десіп, қостай қалды. Жұрттың назары жапырлай алдыңғы қатардағы тоқсанның бел ортасынан асқан, жасы жер соңына жуықтаған ақсақалға ауды. Туғаннан екі көзі екі жаққа қарап тұрған алғайшалғай біткен бұл кісіні ауылдағылар сыртынан «Ақикөз шал» атап кеткен еді. Таяғының басына қос алақанын төсеп қойып оған иегін сүйеп, былқылдаған басын әзер ұстап отырған атамызды қасындағы ширақтау көршісі қозғап қойып, «Сағаң, елге бата берсін деп жатырды...» батырыңқырап құлақтандырды. «Тыныш отырған бүркіттің...» демекші бар пәле осыдан шықты. Бата күтіп қол жайып отарғанымызда қариямыз иегін сүйеп отырған таяғынан басын көтеріп алып бұрыш жаққа қарап бар дауысымен: «Әкеңнің тақ ауызын ұрайындар. Ұрлайсың ұсталасың, ұрлайсың ұсталасың, ұрлықтың беделін қашырып, берекесін кетіріп. Әй, мен қырық жыл жылқы алдым, бірде бір рет ұсталмадым ғой, ей, а!» деп таяғын тарс еткізіп қойып қалмасы бар ма. Қапелімде істі біттіге санап, жағасы жайлау болып жайбарақат күйге түсіп келе жатқан жұрттың төбесінен жай түскендей болды да қалды. Сәлден кейін барып сөз төркіні миларына жеткен жұрт ду ете түсті. Біреулер ішек-сілесі қатып күліп жатыр, бірі «О, несі-ей» деп таңғалып, бірі «біткен істі бүлдіріп, мына, алжығанды-ай», деп жаңа ғана сөнген дауды қоздай қоздатқан, ортаға қайта тастағандай болған «ақикөз» шатақ шалды сөге бастады. Ел емеспе айыптаудың құрығына жиынды басқарып отырған төраға да ілініп кетті. «Алжыған шалдан бата сұрап несі бар десеңші. Батада басың қалғыр». Мұны айтпаса да айтқандай болып, тезірек балаларымызды босатып, үйге алып қайтып, ыстық ас-су берсек деп шыдамсызданып отырған туыстары күбірлеп болса да сыртқа шығара алмай не болсада ішінен айтты. Біткен іске қанағаттаныңқырап, ыржаңдап отырған селсебетімнің де салы суға кетті. Бірдеңені бүлдіріп, бұтына жіберіп отырған балаға ұқсап бүкжиіп алыпты. Мына сөз әсіресе, шұрқанды оқиға тыныш шешіліп, ризаланып қалған қызметтегі адамдарға қатты тиді, жүздері алабұртып, бір қызарып, бір бозарып, бірі өрт сөндіргендей болып қапқара болып шыға келді. Сот айғайға басты. Қыпылдап отырған милииянің да бастығының өңі қашып: «Ой, сенде бір. Жоқ бәлені тауып. Тоқтатпайсың ба?» дегендей маған қарай береді. Әлі өткелектен өтпеген, ии қанбаған прокурор баламыз не дерін білмей, мойына су кеткендей екі иіні түсіп, ол отыр. «Ой, құдай-ай, ұрлықтың да беделі, қадірі болады екен-ау ә,» деп қарияның айтқан сөзін ішімнен ойлап қойып мен де отырмын.

«Айтқан сөз атылған оқпен тең». Қойшы әйтеуір, «Бұл қария алжыңқырап қалып еді, өзі де не айтқанын білмейді. Денсаулығы да пәс еді. Олай еді, бұлай еді... Кәрі адамда не сөз қалды дейсіз» десіп, шуылдасып, жортақтатып жатып қиғылық сөзді, шатақ шалды баласына жетектетіп, бір жағы қолтығынан көтертіп, таяғын сүйретіп аядай клубтан тездетіп зорлағандай етіп шығарып салдық. Одан кейін әупірімдеп жатып анау ананы айтып, мынау мынаны айтып, органның адамдарын сабасына әрең түсірдік. Бір тәмсіл әңгімеде аң алған бір бүркіттің қасына құңқылдап ұшып келіп қонып жатып: «Ух, сіз болып, біз болып алдық-ау, әйтеуір» депті ғой бір құзғын. Дәл сол айтқандай болып қалың ел жабылып, жапырласып көлденеңдеп түсіп, «мен мамақұл», «әке-көке» деп жалынып жатып заң орнының адамдарының ашуын әрең басып, қисыны кетіп бара жатқан істі қайырмалап, баяғы бастапқы шешімге қайта қайырып әкелгендей болдық. Шаруа бітіп, өтінішімізді жерге тастамай, былайғы жұрт алдында бетіміз ашық болатындай шатақты істі көңілдегіндей шешіп берген адамдарды бар ниетімізбен күтіп, ақ дастарханға шақырып, аста-төк мол етіп тамағын тартыпғ рахметімізді айтып, ризашылығымызды білдіріп атқа қондырып шығарып салдық. Олар аттанып кеткен соң ауыл да бұрынғыдай «құда да тыныш, құдағый да тыныш» можантомпай тіршілігіне қайта түсті.

Одан кейін не болғанын тыңдаңдар. Бір қызығын айтайын, кейіннен шаруашылықтың жұмыстарымен аудан орталығына барғанымда менің келгенімді білген сол кездегі ашық жиын жүргізген соттың төрағасы үйіне шақырыпғ тамақ астырып қойып, әңгіме үстінде баяғы жиналыс соңында бата берудің орнына шатақ шығарып жіберген ақикөз шалдың әңгімесін сұрады. Екеуміз сол оқиғаны қайтадан есімізге алып кімнің не дегенін айтыпғ құмардан шыққанша біраз күлісіп алдық. Көп нәрсеге құлағы түрік жүретін өзінің де естігін-көргендерін түртіп алып қағазға түсіріп қоятын әдеті барын айтты. Біздің ауылдан қайтқаннан бері бір ауыз сөзімен, дау-дамай шығарып жіберіп, күлкіге қарық қылған құпиялы қарияның сөзінің көкейінен шықпай қойғанын, ол кісінің айтқанында не сыр жатқанын білуге құмартып жүргенін жеткізді. Қарияның өзіне барып ашық сұрап әңгімеге қанудың реті жоқ, әңгіме көбейіп кетіп сау басыма сақина тілеп алам ба деп қызметінен де жасқанады. Көңіл күптілігін басу үшін қарияның сөзінің төркінінде көп жылдан ішінде қордаланып елден жасырып келе жатқан, ішін жегі құрттай жеген дерт барын әрі жас күнінен бері басынан өткізген өзінің айтқан шындық оқиға екендігін әңгімелеп бердім.

«Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» деп атам қазақ бекер айтпайды-ау осы. Өзімнің ауылым ғой, шыр етіп жерге түскеннен айналамдағы елді есім кіргеннен білем ғой дегенмен менің ол ойым білместік екен. Жұрт жиналған жердегі естігенім анау болса естімей жүрген дүниелерім, елдің ішіндегі жасырынып жатқан жұмбағы қанша. Кезекті бір күні ішінде жанағы шатақ сөзді Қапсалам қарияның өзін бас етіп ауылдың бар үлкендерін үйге шақырып қонақ жасадым. Әргі-бергі түрлі әңгімелер айтыла келе, сөздің сарыны өткендегі жылқы ұрлаған жігіттердің оқиғасына ауа бастады. Қыстан бері сақталған бабына келтіріп былдыратып асылған семіз жылқының сүрленген қазы-қартасын, иісі мұрын жарып дәмі тіл үйіретін қымызбен басып, кекірік атып отырған қариялардың әңгімесіне анда-санда от тастап тұтатып қойып, суыртпақтап, жылқы ұрлауға қарай бұрып қоямын. Ар жақтарына ел қонып, көңілдері тоғайып, жандары жай тапқан ақсақалдардың емен-жарқын отырғандарында олардың сөздеріне араласу да маған жеңілдеу тиетін сияқты. Бағанадан беріептеген жерінде ғана сөз тастап қойып, баптанып асын жеп, қымызын ұрттап ішіп отырған Қапсалам ақсақал көкейімнің бұлкілін сезген адамдай тамағын кенеп алып, бір ырғалып қойды. Қариямыздың тыныштыққа шақырғанын бәріміз сезгендей дабырымыз басылды.

«Ал қарағым, жасым қара жердің астын алуға жуықтады. Сен ғой менен үш мүшелдей кішісің. Не сұрағың келгенін де біліп отырмын. Ақыл есім құдайға шүкір түзу, құлақтың аздап күңгірлегені болмаса әлі даладағы құлынтайдың кісінегенін, үйдегілердің күнделікті күңкілін, күбірі мен сыбырын естіп отырамын. Құдайдың берген күш-қайраты шығар. Кейінгі бір-екі жыл болды балалар салт атқа мініп, жалғыз жүргенде абайсызда ат үркіп бір нәрсеге ұшырап қалар деді ме кім білсін қорғалап, қорқақтап атқа қондырмайтын болды. Е... шырақтарым-ай, бір есептен ол да дұрыс шығар. Бірақ, баяғылар айтушы еді, ер адам үйде босқа жата берсе албасты басады деп, кейде үлкен балаларым жоқта немеремнің естиярын жұмсап ат ерттетіп мініп шығып, айналаны шарлап, биіктерге көтеріліп, көкжиекке көз тастап, басымнан өткен-кеткенді есіме алып біраз сергіп қайтамын. Бүгінгі асқа шақырып, үйден дәм ауыз тисін деп отырғаныңа рахмет. Келіп-кетіп жүрген, құдай береке дарытқан дастарханың дәм-тұздан ажырамаған шаңырақтың бірісің, өркенің өссін. Аз күндерден бері өзімнің де тұла бойым ауыр тарта бастады, ана жақтағы ата-бабамыз шақырғандай ма әйтеуір, мазаланып жүрмін. Байқаймын шығатын төрімнен, кіретін көрім жақын қалған-ау. Бүгін осы дастархан басына жиналып отырған өздерің бар, мына менен кейін жастары маған жетеқабыл келіп қалған шалдар да бар, іште жатқан жылдар бойы шықпаған бір «әттең», деген өкінішім, мүмкін шерім-дертім десемде болады соны айтайын. Іштен көрге бірге кетпесінім ғой.

Түнеу күнгі топ ішінде айтып қалған сөзімнің ұшығында шымбайыма қатты батар шындық жатыр. Жылдар бойы ұрлық жасадым, елден онда да тек жылқы алдым. Рас, бірақ мен бұл төңіректің адамдарының ешқайсысының малына құрық тигізбедім, зиян келтірмедім, алыстан ит арқасы қияннан алдым. Қотанға жақын жерде күшіктеген қасқыр да қойға шаппайды деген емес пе? Бұл іс шіркінде сондай бір тұйықсыздан жабысқан, содан сынамалап бойыма енген дүние болды. Жоқшылықтан тақыршылықтан тарығып, жетіспеушіліктен күйініп, не болмаса айналамдағы әлде кімдерді басынғандықтан емес, ұрлықты өзім ерекше батырлыққа баладым, қасымдағылар басын жерден көтере алмай жер шұқып жүргенде, мен шалқалап жүрмек болдым. Жүрдім де. Әйтсе де, аспадым, таспадым өзімді айналадағы ел-жұртқа бұрынғы қоңыр төбел күйдегі тіршіліктегіндей көрсеттім. Әр нәрсеге бір себеп. Бәрі ойда жоқта бір құдалықтан басталды. Қырқыншы жылдардың соңына қарай жақын ағамыздың оқуда жүрген қызы ұлы жолдың бойында жатқан Алматының арғы жағындағы ауылдардың бірінде тұратын жігітке тұрмысқа шықты. Қызымызды келін етіп түсірген құдаларымыз қазақтың жөн-жосығын білетін жандар екен, соншама жерден арнайы хабаршы адам келіп, құдалыққа шақырып, айтылған күні күтіп алатындарын ескертіп кетті. Ол кездерде жұрттың бүйрегі майсыз, соғыстан соң ел күйзелістен шығып, тұрмысының жаңадан оңалып, ес жиып әйтеуір тамағы тоғайып келе жатқан шағы болатын. Ол кезде қандай қыз жасауы дейсің. Әпкеміздің аздаған киім-кешегін, көрпе жастығын бір-екі буыншақ-түйіншек етіп буып-түйіп, орталықтан жүретін салдырлаған жүк машинесіне отырып селкілдеп Алматыға жеттік. Мені туыстарым құдалыққа бекер әкеле жатқан жоқ еді. Жолшыбай көліктен-көлікке

ауысқанда әпкемізге әкеле жатқан апамыздың бар мүкаммәлі менің арқама түсетін. Оның үстіне ауылдағылар «Ойбай, ол жақта жүлік көп, тонап, өлтіріп кетеді, қастарыңа қайратты адам алыңдар» деп отқа май құя түскен соң барлығының кім лайық дегендерінде тоқтағандары мен болдым. Десе-дегендей-ақ келсең кел деп, ұстаса қалсам әлеуетті дейтін анау-мынау екі-үш жігітті бүктеп салатын кезім-тін, оның үстіне ақиланып, атырылып тұрған көзімнен бәрі шошыйды. Алматыдан әрі қарай дәл сондай көлікпен аудан орталығына барып, түсіп, кешелі бері бізді тосып жатқан қосат шеккен арбаға жапырласа отырып, қас қарая ауылдағы құдалар келеді деп дастархан жайып, малға бата сұрағалы күтініп отырған үйге келіп түстік. Бізді қосат шеккен арба жіберіп алдыртып жатқанына қарағанда құда бекер адам емес-ау дегенді үлкендер де ойлап келеді екен. Ауыл ішіне кіргеннен-ақ кездескен адамдар арбаның үстіндегі бізге танымаса да амандасып, бәрекелдісін айтып жатқанынан байқадық. Алыстан құдалар келе жатқанынан ауылдың біршама адамдары құлағдар болған сияқты. Ауқатты тұратын адамдар екен. Орталықтан шалғайдағы таудың қуысында тұратын біздің тұрмысымызды мүлдем салыстырып болмайды. Үй ішінде әртүрлі жихаз болады дегеніңізді бұрын кім білген. Бірақ жоғымызды білдірмедік. Қойшы әйтеуір, барынша күтті. Әпкеміздің тұрмысы баянды жерге келін болып келгеніне тәубесін айтып апаларым, «бөрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтар» болып екі-үш еркек олар отыр. Таң ата ертерек тұрып сыртқа шықсам үй иесі мал жақта жүр екен. Қазақтың ежелгі әдеті ғой, қожайын шақырмаса қора-қопсы жаққа бармайтын, менде сол әдепке салып шетке беттедім. Келісті бір көрікті жерге түскен елді мекен екен. Құдалық жасаған үйіміз ауылдың шетіне қарай салынған, бау-бақшасы, қатарластырып еккен жеміс ағаштары мол, іргедегі арықта мөлдіреп ағып жатқан суы бар көлемді жерге орналасыпты. Көз көрім жерден майда қырқалар басталып арғы жағы құдды өзіміздің қатпарлы орманды жерімізге ұқсаған қарағайлы тау беткейіне ұласып жатыр. Күн сәулесінің шашақтары ақ шаңқан тауларға түсіп, көзімді тартып тұр. Қасыма келген отағасының аяқ басқанын сезбей қалыппын.

«Ә, қызығып қарап тұрсың ба? Қара, мына қырқа-қырқамен қиялай өрлеп, тау етегіне ілінсең қалың қарағайдың қойнауына кіресің. Мына Алатауды бөктерін сағалап біраз күн жүрсең, Медеудің шатқалының астымен әрі өтсең, Тұргеннің өзенін жағалап, Асының жайлауы арқылы асып өзіңнің ауылыңның тұсынан бірақ шығасың. Баяғыдағы аталарымыздың барыс-келіс үшін ұдылынан салған жолдары ғой» деп бір қойды. Сәлден соң «Әкелеріміз айтып отырушы еді. Сендердің ауылдарыңмен жекжаттығымыз бар еді деп» тағы бір қойды. Құда алдымызға барын тосып, жік-жапар болып екі күн күтті. Кешкілік астан соң шама-шарқынша біздерге киіт деп біраз нәрсе кигізді. Ең басты киіті сол құдама деп ағамызға бір ат міңгізді. Бәрі осыдан басталды. Жатар алдында әрі айтып, бері айтып, құданың мінгізген атын ауылға мен жеткізетін болып шешті. Туыстарым келген жолмен кері қайтатын болды. Түнімен ойланып, қалай жүрерімді қай жерге ат шалдырарымды есептеп жатып ұйықтап кетіппін. Ертесіне ертерек тұрсам құда да оянған екен. Есік алдына шығып құдаға қарап тұрып кешегі айтқан тау асып баратын жолды әңгімелегені есіме түсті. Есендесіп алып, тас жолдың бойын қуалап ауылға барғанымша көп күн өтетінін, одан да тау сүрлеуінің нобайын айтып берсеңіз, ауыл жігітіміз ғой, басқа жолдың бағытын сұрай-сұрай табатын шығармын деп ойымды айттым. Екі күннен бері менің мінез-құлқымнан біраз нәрсені байқаған болу керек, құда тез келісе кетіп «бір есептен оның да жөн шығар» деді. Екеуміз сөз байласып, туыстарыма айтпауын өтіндім. Апаларымның құлағына тисе тағы да айдалада біреулер өлтіріп кетеді, адасып кетесің деп жібермей ме деген қаупім да жоқ емес. Құданың ағама деп атап мінгізген атына сол кезде ғана көзім түсті. Маңдайында айтөбел қасқасы бар, есік пен төрдей жараған жирен ат екен, қасына таяғанымда бөтенсімей басын шұлғып, мойнын созып, танауып пырылдатып «е..сен мінесің бе?» дегендей мекіреніп қойды. Шеберлеп шапқан қазақы орнықты ердің төсеміндегі қызыл қайыспен сырылған тоқымы, ер үстіне қос қабаттап салынған көрпесін бастырып тұрған пыштаны мен өрілген өмілдірігі, күміс тістеткен құйысқаны, бауырындағы үш елі өрімді қос тартпа, шап тартпасы, ат әбзелдері бәрі де бірімен бірі өрісе келісіп, жарасым беріп, мініске шақырып тұр. Ортасына күміс жүгірткен салмақты жүгені қос қайысты ызып тарамыспен тігіп жасаған ноқтаны басқан. Сағалдырығының өзі құнықтырып көз тартады. Құдды баяғыдағы сал-серілердің қыз ойнағына мініп баратын сал жирені іспетті. Құда алаша қоржынның екі басын үш-төрт күнге жететіндей етіп азыққа сықитып толтырыпты. Тау жолын таңдағанымды құда да мақұлдады. Түнде келіскендей менде «тәуекел» етіп ат жалын тартып міндім ертерек жолға шықтым. Айтөбел жирен бітімі өзгешелеу, дене тұрқы келісті, құйрықжалы төгілген жүрісті жылқы екен жануар. Анау-мынауға тақым бастыра қоятын күлік емес сияқты. Бұл атты құдамыз ат-әбзелімен бізге қалай қиып берді екен деп толғандырып жүрген ойымызды кейін ол кісі қайтыс болып көңіл айтуға барғанда ғана естідік. Құдамыз арғы аталарынан ырзығы үзілмей келе жатқан кең қолтық, жылқылы ауылдың атақты адамының ұрпағы болып шықты. Бәйгеге баптап қосқан сан жүйріктері осы аймақтарда өткен атышулы талай тойларда сауға салған екен. Мына бізге мінгізген жирен қасқа сол дүлдүлдердің соңғы тұяғы болып шықты. Сол кездің өзінде-ақ ел тыныш жүре ме, «біз қиналып жүрсек бұл жеке меншік жылқы ұстайды» деген лақпа сөздерден құтылғысы әрі жалғыз баласының қуанышынан ештеңе аяғысы жоқ екендігін көрсетіп, тірлігінде құдаларын ризалықпен шығарып салғысы келіп атап бергені екен ғой. Кейде ойлайтынмын мүмкін жұрт көзінше ашылып міне алмай, үнемі жабық албарда жабығып тұрған айтөбел жиренге жаны ашыды ма, кең жайлау, сүбелі шүйгінді белеске барып жүйрігі көсіле бір еркін жүйіткісін, бостандықта жүрсін дегендей құлан көңілді азаматтың жасаған әрекеті ме деп.

Бұйралы беткейді қарсы алдыма ұстап, қатпарлы сан қыратты артқа салып, күн көтеріле етегі шалғындана түскен тау баурайына іліндім. Мал өрістете бастаған қойшы ауылға ат басын бұрып, амандық-саулық сұрасып өзек жалғай отырып жөн-жосық айтысып, әрі жол жағдайын нұсқатып алдым. «Сұрай, сұрай Мекеге барасың» деген бағдар сөзді бұрынғы аталарымыз тегін айтпағанына осы сапарда көзім анық жетті. Жолшыбай малшылардың үйіне қона-түстене жүріп осылай бір ауылдан екінші ауылға апаратын тау арасындағы жалғыз аяқ соқпақпен, кейде шұбырынды ізбен қиялай тартып отырып, араға үш қонып, төртінші күні қас қарая салдыртып отырып ауылдың шетіне іліндім. Астымдағы жануар жирен ат шіркін тау-тастың, қарағайлы орманның арасында, қалың жыныстың ішінде келе жатып бір сүрініп қоймады-ау. Басалқы мінезді болған соң да жануар жалтаңдамай, ештеңеден үркіп, секем алған емес. Анда-санда баяғыдағы үлкендердің ат үстіндегі иесі ештеңеден қорықпаса астындағы мінген аты да ештеңеден сескенбейді себебі жылқы қиелі жануар үстіндегі жанның толқуын оның тақымынан біледі деген сөзді медеу тұтып қойып ауылға кірдім.

Ауылдағылар жирен қасқаға қызығып, айғыр салмақ болды, бірақ пішілген екен. Ағамыз біраз уақытқа дейін көрген жұрттың ауызынын суын құртып, мәпелеп бағып, міндім жүрді. Ара-тұра сұрап алып мен де тақым басып қоямын. Осы оқиғаның барысында ойыма сан қилы әрекеттер кіріп атқа құмарлық ақыры осы кәсіпке ұрлыққа жүруіме әкелді. Оза шауып, кең жайлап қалған елдің баласы емеспіз бе, үйде еркін созылып жата алмадым, тәуекелге бел будым. Ағамызға келіп әңгімелесіп отырып, хабарласпағалы көп уақыт өткенін, құдалар жаққа барып қайтсам, қал-жағдайларын сұрап әпке-жездеміздің, жаңадан дүниеге келген жиеннің қалын біліп келейін деп өтіндім. Жекжат адамдардың амандығын білемін дегеніме бауырым жүрегі жарыла қуана-қуана келісті. Ол уақыттарда жолға қаражат табу өте қиын шаруа еді, өздерің білесіңдер қағаз ақша жоқ, атын естігеніміз болмаса қолға анда-санда бір тиеді. Көпшілік шаруашылықтың еңбек күн дегеніне қарап, орталықтағы тапал үйге орналастырып қойған дүкеннен тұрмысқа қажетті күнделікті қолданылатын бұйымдары мен кезмалды (пұлды солай атайтын) өлшеп алып жататын. Ағамыз бәрін түсіне қолдап, барып аман-есен қайтуыма батасын берді. Тағы да үстемелеп, жирен қасқаңыз белді, міниС беретін ат қой, тау арасындағы төте жолмен барамын, әрі жолға ақша шықпайды, тек сәлем-сауқат апарып қайтам деп көңілін тауып қойдым. Құдалықтан жирен атты міндім өкпем толып қайтқан кезімдегі жолды көлдендей кесіп, небір қараңғы қапастай шатқалдарды басып, ирелеңдетіп, бұралаңдатып жүріп өткен жолым ғой, үшінші күнгі қонаға жетіп, әпке-жездемізбен көзайым болып көрісіп, құдалар жағын мәзмейрам етіп қойдым. Мәре-сәре болып аунап-қунап кеш жатып ерте тұрып жүріп жылы-жұмсағын жеп, әпкемнің әке-шешем мен бауырларымның сыбағасы деп екі басын толтырып салып қойған тырсыйған қоржынын атқа бөктеріп екі түнеп үйге қайттым.

Ойға сан алуан нәрсе түсті. Мазасызданып түн баласы далаға сан шығатынмын. Қайсы бір елдің баласындай емес, жаратылысымнан жасаймын деген ісімді тындырмай жаным тыншымайтын әдетім бар еді. Соған бастым. Екі араның жолын жатқа білетініме көзім әбден жететін. Сол ұрлықты тындырудың да сәті бір күні түсті. Бірде ағам жолаушылап біраз күнге кететін болып, жирен қасқаны маған табыстап кеткен күні кешкілік сайланып жүрген менде атқа қондым. Айтөбел жиренмен сыдыртып отырып, үшінші күнде пәмдеген ауылдың өкпе тұсынан шығып мал қарасын алыстан бақылап, ел көзіне түспей, ертесі қас қарая екі атты арқандаулы жерінен ұстап, әлдісін жетегіме, екінші атты арқанмен оның мойнына байлап, шу қарақұйрық деп шыға жөнелдім. Күндіз тасада жатып атшалдырып, тынықтырып алып, түнде суыт жүріп, келген жолыммен кері қайттым. Жануар жирен ат өзіме лайықты серік болып шықты, айсыз қараңғыда бір бұтаққа соқтырмай, тұяғын шық еткізіп бір тасқа тигізбей, бет алған бағытынан жаңылмай жол табатын. Бірақ салт атпен жүру бір басқа да жетекке жылқы алып жүру бір басқа екенін білдім. Бесінші күнге қарай таныс тау-тасыма оралдым да, түнделетіп мал әкелсем осында жасырармын деп қаға беріс бір қолатты ішіме түйіп қойған едім, аттарды сол жерге арқандап, бекітіп үйге келдім. Мал ұрлауды, оның ішінде жылқы алуды өз басым ұрлыққа санамадым. Бұрынғы батыр біткен өзін алғаш сынаққа салғанда барымтаға қатысып, сойыл сүйреп жүріп шыңдалатын дегенді естуші едім. Ағам сапардан келгенше жирен аттың терін үгіп, үстін тазалап қойдым. Сөйтіп атам қазақтың ежелгі сөзіне сүйеніп жігіттің жақсысы жүйрік мінсе, өзі жарау жүреді деген аталмыш салтқа түстім. Ол кездерде осы ұрлығым ашылып қалады-ау, біреу-міреу ұстап алар деген ой санама да кірмеді. Алыстан, жақыннан алған малыңның қарасын елге көрсетпей, оның жымын жасырып отырсаң, орынсыз жерде сыр шашпай, екі елі аузыңа төрт елі қақпақ қойсаң кімнің шаруасы бар. Бұрынырақтан білетін мына көрші қала жақтағы ауданның өзім сияқты самдағай бір жігіті болушы еді, онымен барып жолығып, екі айдан соң шалғынға жайылып тыңайған, шыр байланған жылқыларды сатып жібердім. Жылқыларды ол алдым демейді, мен бердім демейміз деп сөз байластық. Бұдан былайғы уақытта жирен қасқа ат тақымға түспейтін болды. Шаруашылықта анау дейтіндей мал басыда көп емес еді. Соғыстан соң қалжыраған елдің есі енді кіре бастаған кезі. Әбден ыңыршағы шығып қыры кеткен шаруашылықтың аздаған ірі-қарасы, біраз қой ешкісі, жылқысы бар еді. Шақырған болса барып, тапсырған жұмысын орындап қоямын, содан соң көбіне боспын. «Дәніккеннен құныққан жаман» деуші еді, тыпырлап тыныш жата алмадым. Жиреннен күдер үздім. Баяғы жақсы атқа деген құштарлық, жылқының тер сіңген тоқымын иіскемесем жүре алмайтын күйге түстім. Құштарлық қарап жатқызбады. Жаяу болсамда тәуекелге бастым, ойлаған, діттеген ісімді байқап көрмек болып, ақырында «тәуекел деп тас жұт қорытасың, тәуекел деп тұра жүгір қорқытасыңға» басып ауылдан үлкен тас жолға шығып, жүріп жатқан көліктен-көлікке қол көтеріп ауысып міндім Алматы асып әпкемнің ауылына бардым. Жездеммен ана ауылдағы, мына ауылдағы туыстарының үйіне барып түнеп, алысырақ ауылдағы жекжаттарын аралап қыдырған кезде жер шолып, жол байқап, талай жермен танысып шықтым. Сол жылдардан бастап ұзақ жыл жылқы ұрлығымен айналыстым. «Сәуір болмай, тәуір болмайды» демеуші ме еді. Күн көтеріліп тау етегіндегі қар еріп ортадан аса бастағанда белді шарт түйіп, мен де сапарымды бастайтынмын. Содан қара күзге дейін бірнеше мәрте барымтаға барып қайтатынмын. Алматының арғы жағындағы тау қойнауына жақын орналасқан ауылдарды адақтап шықтым десемде болады. Бірақ бір барған ауылға бармай, екі-үш жыл салып ұрланған жылқыларды ұмыттырып кетіп қайта соғатынмын. Алматының күнбатысындағы ауылдарға жүріп жататын машинелерге немесе көрінген көлікті тоқтатып, қап көтеріп міндім кетіп бара жатқан адамға көп ешкім көңіл аудармайтын. Қаптың ішіне жұқа тоқымды шағындап жасалған жеңіл ер, ауыздықсыз жүген, арқан мен бір-екі бөлке нан, бір-екі шымшым тұз ғана салып, ауызын буып, иығыма тастай салатынмын. Баратын елді мекеннің қарасы көрінбейтін алысырақтан түсіп қалып, көзге түспей сай-сайды қуалап, көбінесе ауылдың үстіңгі жағына, ойлы-шұңқырлы, бұталы жерлерді сағалап, тұрғындардың кім қай күні қандай жылқы арқандайды, ол қанша күн тұрады, қасында басқа жылқы жүр ме, осыларды көзден өткізіп не әрекет жасайтынын бақылап жататынмын. Ол кездегі ұжымның жұмысынның денін әйелдер мен ерлер атқаратындықтан шөп шабу, оны жинау, егін бастыру, тасу, қырман сапыру, сол сияқты бітпейтін сан түрлі, адамдарды апарып-әкелу қызметінің бәріне арба пайдаланылатындықтан күш-көлік ретінде атпен өгізді бағатын. Сондықтан да аттарды жайылымға арқандап, кейде тұсап, кейбіреуін арқандаған аттардың жанына бос қойып кететін. Шаруашылықтың аттары баршылық болғанмен арықтұрағы көп және бәрі таңбаланып тасталынатын. Ол уақытта жекеменшіктің жылқысы аз, енді-енді ғана құралып келе жатыр еді. Бір-екі жүрістен кейін таңбаны да өзгертетін амалын тауып алдым, сумайды қыздырып сауырымен маңдайына шашып,күйдіріп жіберсең, аз уақыттан соң күйген терінің орнына түк шығып өзі ақтаңдақ болып танылмай қалатын. Таутасты басып, қалың қарағайды шатқалдарды аралап, жирен ат салған жолменен сансыз рет қу жанымды шүберекке түйіп, нөсерлеп жауған жаңбырдың суы сүмелетіп борбайыма шейін өтіп, тасырлап келіп ұрғанда төбені оятын бұршақ жауған кездерінде жолда жүріппін. Ыңқ жоқ, шың жоқ өзіммен өзім едім. Төңірегімдегі жан баласының шашау жатқан малына залалымды тигізбей, ауылдастарымның ойына кіріп шықпайтын көз көрместен көңіл алыстан әкелетінмін. Қанжығам құры қайтпайтын, жолым болмады деп санағанымның өзінде жаяу барып бір ат болса да міндім қайтып жүрдім. Жағдайым түзеліп қалды, алдыма мал салдым, қорама он шақты қой-ешкі, бір-екі бас сиыр бітті. Менің денсаулығыма қарайлап, басшылардан көп ешкім мазамды ала қоймайтын. Олар жақындағы менің не істеп жүргенімнен мүлдем хабарсыз болатын, ал мен алыстан кіре тартқандай, қанжығам майланып жүретінмін. Кішігірім тойтомалаққа барғанда барын айтып, базарлап отырғандарға қосыла қоймадым, артық сөйлеп күмән келтіретін сөздерге бармадым. Қоңыр төбел тіршілігімнен ары аспадым. Отбасылы болып, үш-төрт бала өсірдім. Әйелім де көрші ауылдың қызы еді, біртоға, көп әңгімесі жоқ, қой аузынан шөп алмас момын болып кезікті. Енді балалы-шағалы болдым ғой, осы суыт жүрісті тура жолдан тайғанымды қойғаным дұрыс шығар деген ойға түстім. Осы жолғым ең соңғы ұрлығым болсын деп жолға шығып келіп, одан кейінгісіне қалай кетіп қалғанымды өзімде білмей қалатынмын.

Балалар өсті. Кейде кешкілік уақытта сабақ жаттаған балаларымның жанында отырып әртүрлі әңгіме, мысалдарды әсіресе ұрлық-қарлық туралы тыңдап отырып кей жерлерінде мен туралы айтылған ба деп қарадан-қарап отырып қысылып, жерге кіріп кете жаздайтынмын да, шаруа қамдағансып тысқа тұра жөнелетінмін. «Әй, осыдан ба?...енді тоқтатпасам болмас деп ойлап қоятынмын». Қайдан болсын. Обалы не керек балаларым жақсы оқыды. Алматыдан оқыт деді, оқыттым. Үнемдеп ұстатып қалталарына ақшасын салып беріп отырдым. Өзім сол тірлігімді жалғастырып жүре бердім. Өзім секілді ел үстінен тамағын тауып жеп жүрген көрші ауданның екі адамымен байланыс жасап, кей уақыттарда қайтар күнін белгілеп еті жақсы аттарды, биелерді жолдан соларға тастап қойып, базарға шығартып сатқызып, пұлын алып қайтып жүрдім. Әрине отбасы болған соң әрі бергі жүрісімді әйелім сезе бастады, бірақ ештеңе демей жүрді. Жаман ғой дейсің бе тамағын тоқ, бірқұры киімін-кешегің бүтін. Бала-шаға жоқ кезде, екеуден-екеу қалғанда бар айтатыны: «Жасың келіп қалды ғой, бір жерде ауырып қаларсың. Сол жаққа бармай-ақ қойсаңшы» дегеннен аспайтын. Шақшырайып бір қарағанымнан-ақ сөзін қаперіме ілмегенімді сезіп үндемей қоя салатын. Жасым ұлғайған сайын бойдан күш-қуат қайтар кез болды. Қаншама ми шыжғырған күндер мен көзге түртсе көргісіз айсыз қараңғы түндерде сабылып жол тауып жүрдім, аш қасқырша жапан даланы кезіп жалғыз жорттым, кездескеннің кетпенін, бара жатқанның балтасын алған қарақшы мендей-ақ болсын. Көппен де араласып-құраласып, не бір аузынан иманы үйірілген адамдармен табақтас болып отырып, тәубесін тамақ ішкен сайын айтатын жандарды көре жүре мені де бір алаңдататын ойлар кіре бастады. Басқасын қойшы, жаныма бата беретін нәрсе ана дүниедегі істеген ұрлығым үшін тартатын тозақтағы азабым емес, мына өмірдегі талай жарлы-жақыбайдың тірлігіне қол салғаным, өздері әрең күн кешіп жүріп, қоғамның малын бағып, ұрлатып алып күн көрістерінен жырып төлеп отырғандардың лағынеті ұрама деп ойлағанымда бойымды қорқыныш жайлайтын.

Ерте үйленгеннен соң да балалар ізінді басып ержетеді екен, осыны да ойлап бір байламға келіп біржолата тоқтаттым. Осы қауіпті де қатерлі әрі күнәһәр жолда қырық жылға таяу жүріппін. Әдеттен арылу да оңай мінез емес екен. Кейінгі жылдары да атымды ертеп міндім алып сол ескі әдетке басып, анау алысырақта жатқан көрші ауылдың жылқысын алдыма салып қайырмалап айдап келіп басқа ауылдың жылқысына қосып жіберіп, төбеге шығып қисайып, иелері қашан іздеп келіп бөліп әкетер екен деп аңысын аңдып қарайлап жататынмын. Айнала көкорай белес. Ойпаңда жатқан жылқылардың жек-жеке түр-түсіне көз тастап, оттағанына сүйсініп, ойнақтап-тебіскеніне қызығып, қасынғанынан көз алмай құмарым қанғанша сүзіліп, шаршауым басылып бір демалып қалатынмын. Қылығымды көрген адамдар, мал иелерін айтам, қатты айтпаса да: «Мұныңыз не, ақсақал» деуден аспайтын. Өмірімнің ең жігерлі жастық кезеңдерін осындай өзім ерлік, бұрынғы өтіп кеткен ата-бабамнан қалған жаугершіліктің, батырлықтың бір белгісі санаған барымтаға жұмсап келгеніме кейін ғана ақылым жеткеніне өкінемін. Әйтсе де ұрпағыма әкең осындай еді деген сөзді таңбаламадым. Өткендегі балалардың қылығы ішіме сыймады. Істейтін ісіңнің жұртқа сөз келтірмегені дұрыс қой. Бір шаруаның орайын келтіре алмасаң қоя салу керек. Өз қадірінді кетіріп, өзгеге зияныңды тигізіп істеген шаруаның не берекесі кіреді? Тоқсан асқан жасымда сендердің алдарында ақталайын деп отырған жоқпын, ақталмаймын да, тек адам қолдан келмейтін шаруаға ұмтылмауы керек дегенім ғой. Анау,жігіттердің қылығы қылық па, ұрлайды ұсталады, ұрлайды ұсталады. Елге сөз келтіріп. Солардікін айтам. Енді мен туралы не айтсаңдар да, сөксеңдер де, басқа десеңдер де өздерің біліңдер. Өлер шағым жақындағанда осы жасыма дейінгі тірлігімде істеген бар дүниені елден жасырып жер қойнына алып кетпейін дегенім ғой», – деп қария сөзін аяқтады.

Ауылдағы асқа шақырылған үлкендер де, туыс-туғандарым да құдды «Мың бір түннің» хикаяларын тыңдағандай кейіпке түсіп, ұйып тыңдап қалыпты. Қапсалам ақсақал әңгімелеп отырғанда қонақтардың біреуіде қыңқ еткен дыбыс шығармады.

Осыны айтып бергенімде не сенерін, не сенбесін білмей отырған жігітім де басын шайқап: «Ойпырым-ай, қандай батыр адам болған, бәсе өткенде аузынан жаңағы сөз шыққанда, әй мына қария бекер адам емес-ау деп қалып ем. Жүректілігі, тәуекелшілдігі басқа салаға, өзі өкінетіндей ұрлыққа жұмсалынып кеткен. Әйтпесе, баяғы жаугершілік заман болғанда көзсіз ерлердің біреуі болар ма еді» деп мақұлдағандай күрсініп қойды.

Міне, айналайын інім адамның ішінде не тұнып жатпайды. Көзі жұмылып о дүниеге аттанар алдында қариямыздың өзі айтқандай бұл дүниеде істеген күнәмді ана жаққа алып барғанша бар дертімді осында айтып қалдырайын дегені осы еді. Сен сұрадың, мен саған жеткізіп отырмын...

Басталғалы бері мына әңгіменің аяғы немен тынарын күтіп отыр ек. Ақикөз шалдың өкінішін естіп арамыздағы кейбір шалыс басып жүргендердің қылығын есімізге алдық. Ата жасына келген ағамыздың естен кетпейтіндей ертегі секілді әңгімесін ұйып тыңдаймыз деп отырып алдымызға тартылған асты да суытыңқырап алыппыз. Ақ баталы қарияның өзгеге ой тастарлық қазақы әңгімесінен кейін ас ішіліп болған соң дастархан қайырып, жол тілегін алып, ауылға бет түзедік.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы.

ҒАДІЛЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАСІРЕТ

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

Республиканың құқық қорғау, әсіресе тергеу-сот орындарының басшылары «үш жыл бұрынғы жараның аузын ашпау керек» деп, байбалам сала отырып, екінші жағынан осы оқиғаны тексеру жөнінде сөз бола бастағаннан-ақ өздері жіберген заңсыздықтарды ішінара қайта қарап, қателерін ресми комиссия тексермей тұрып тезірек «түзетуге» асықты. Жастарды соттағанда тым асыра сілтеп жібергенін сезген сот-прокурор орындары енді өзін өзі ақтап қалудың жолын іздестірді. Бірқатар тұтқындарға, олардың ата-аналарына, туған-туысқандарына, жақындарына кешірім сұратып, хат жазғызды. Олар жаздық-жаңылдық деп, «кінәсін» мойнына алып, тек бастарына бостандық беруді өтінді. Осындай кешірім бойынша тұтқыннан босатылғанына кейбіреулер қуанды. Оған прокурор да риза. Себебі оның заңсыз кесілген баптары бұзылмай, сол қалпында қалады. Сүйтіп, «қасқыр да тоқ, қой да аман» болады,

«Қылмыскер» мен заң бұзушылар арасындағы ішінара ымыраға келу практикасының көрінісі ҚазақССР Жоғарғы Советінің 1989 жылғы 14 қарашадағы қаулысынан айқын байқалады. Оның бір тармағында сотталғандардан түскен кешірім туралы арыздардың дер кезінде қаралуы қамтамасыз етілсін делінген. Сотталғандардың «кінәсін» сол қалпында қалтырып, оларға «кешірім» жасайды. Прокурор-сот орындарын кінәлаудың орнына, жастар сол баяғыдай кінәлі боп қала берді. Сүйтіп Республика басшылары өзі сот-прокурор орындарының қылмысын жапты.

Осындай әдіспен, сотталған 99 жігіттер мен қыздардың 88-і тұтқыннан босатылды. Бұл, әрине, қуанарлық жәйт. Ал, осы уақытқа дейін нақақтан олардың қамауда отырғанына кім кінәлі? Қаншама жастардың өмірін өксітіп, олардың ата-аналарына қайғы-қасірет әкеліп, оларға «ұлтшыл», «бейбастақ», «маскүнем» деп айдар тағып, жастардың білімге, өнерге деген аңсарын тәрік еткен кімдер?

Дәл осы сиақты мәселемен, желтоқсан күндері қандай саясатты қорғау үшін жастарды қырғынға ұшыратқаны туралы сұрақ қоюға біз 15 адам қол қойып, арнаулы хатпен Қазақстан Орталық партия комитетіне бардық. Хатта осы трагедияны тексеру жөнінде талап қойылған болатын. Оған менімен бірге қол қойғандар Қазақстанның белгілі өнер қайраткерлері Кәукен Кенжетаев, Мүсілім Абдуллин, соғыс ардагерлері Олжабай Темірханов, Мәлік Қарағұлов, К.Низамбеков, Республикаға еңбегі сіңген дәрігер Хамит Бегалин, тағы басқалар бар.

Орталық комитеттің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков бізді жылы шыраймен қабылдады. Кездесуге Республика прокуроры Ғ.Елемесов, Жоғарғы соттың төрағасы Т.К.Айтмұхамбетов, Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары С.Серіков шақырылыпты. Олар біздің сұрақтарымызға түсіндірме беріп отырды. Жоғарғы соттың төрағасы алдында жатқан буда-буда қағаздарды ақтарып, таяқ ұстап жүгіріп жүрген бірнеше баланың аланда түсірілген суреттерін көрсетті. Әңгіменің барысында жігіттер мен қыздар фотообъективке ілініп қалғаны үшін сотқа тартыла бергені айқындалып отырды.

– Сотталғандардың ішінде нақақтан кеткені жоқ па? – деп сұрады К.Кенжетаев.

– Ондайдан бір де адам жоқ, – деді прокурор Елемесов.

«18 желтоқсан күні Алматының Фурманов – Шевченко көшелерінің бұрышында танкілер мен бронетранспортерлер сап түзеп не үшін тұрды»,- деп сұрадым мен. Бұл сұраққа министрдің орынбасары: «ол әскери техника ешкімге қарсы қолданылған жоқ қой» деп жауап берді. Ал Фрунзеден, Ташкенттен, Шелябіден, Новосибирскіден, Тбилисиден, Уфадан, Свердловскіден ішкі істер әскерлерінің арнаулы бөлімдері кімнің бұйрығы бойынша шақырылды деген сұраққа жауапты Мәскеуден келген генералдардан сұраңыздар деді.

Әңгіменің жүрісін басқарып отырған Ө.Жәнібеков біраз ойланып үндемей отырды да, көрген-білген фактілеріңізді айта беріңдер деп, біздің бетімізге қарады. Қасірет көрген жастарға оның бұйрегі бұрылып отырғаны байқалып тұрды. Бірақ, тіс жарып ештеңені ашық айтпады.

–Мына аланда,–дедім мен терезе жақты көрсетіп,–біздің ұлдарымыз бен қыздарымызды басқа-көзге ұрып, шашынан сүйреп, үстеріне суық су шашып азапқа салып жатқанда, осы креслода отыра беруге қалай шыдамдарың жетті?

– Ол кезде мен бұл креслода отырған жоқпын, – деп, Өзбекәлі жымыйды. – Тағы да айта беріңіздер, – деді ол сыпайы сөйлейтін әдетімен.

Әңгіменің ақыры пікір таласы ғана емес, салғыласуға шейін барды. Әсіресе Кәукен Кенжетаев прокурор-сот, Ішкі істер органдарын кінәлап, сендер қылмыскерсіндер дегенді айтты. Сөзге Өзбекәлі араласып, тоқтау салып, біз, шамасы, мүмкін, арнаулы комиссия құрармыз деп, айтып салды. Бізге керегі де осындай тұжырым еді. Комиссия құру жөнінде тұңғыш сөзді осы Жәнібековтың аузынан естідік. Бірақ, ондай комиссия құрылғанша бір-екі ай өтіп кетті.

1989 жылы шілде айының 28-і күні Желтоқсан оқиғаларын тексеру жөнінде комиссияның құрамы жарияланды. Оның құрамында жастарға жаны ашитын Қадыр Мырзалиев болмаса, басқа ешкім болмады. Сондықтан ол комиссияның бастапқы кезде жұмысы таудай болса да, аяғы қылдай болып бітті. Комиссияның барлық мүшелері Қадырға бөгет жасап, оқиғаның бетін ашуға бағытталған істерді құлатып отырды.

Бұл жағдай Мәскеудегі депутаттарға да жетті. Жоғарыда айтылғандай, шілденің 19-ы күні Жоғарғы Советтің сессиясында Мұхтар Шаханов шығып сөйлеп, Алматыдағы комиссияның құрамын қайта құруды, оны негізінен ССРО Жоғарғы Советі депутаттарынан құруды талап етті.

Республикада, Алматыда құрылған комиссияның құрамындағы 15 адамның табандатқан он бірі өкіметтің номенклатурасына кіретін жоғарыда аталған шенеуніктер еді. Дегенмен, оған қарамай, ССРО Жоғарғы Кеңесі, оның төрағасы М.С. Горбачевтың өзі М.Шахановқа осы комиссияға кіруді ұсынды. Ал М.Шаханов, комиссия мүшелерінің көбі номенклатуралықтар болғандықтан ол комиссияға кіруден бас тартты. Осы қайшылық кейін сол екеуі арасындағы компромисспен шешілді.

Ол келісім бойынша М.Шаханов ССРО Халық депутаты есебінде сол республикалық комиссияға кіріп, соның қос төрағасының бірі болады. Ал егер оған басқалар бөгет жасап, комиссияның жұмысын қанағаттандырмаса, ССРО Жоғарғы Кеңесі өзінің комиссиясын құратын болады.

Міне, осы әңгіменің басында айтылған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы Мұхтар Шахановтың хабарламасын тыңдар алдындағы жағдай осындай болған. Сессия 14-қарашада өтті. Онда Мұхтар көптеген заңсыздықтардың басын ашты. Нақтылы мысалдарға, оқиғаларға, сотқа тартылғандардың, куәлардың көрсеткендеріне сүйене отырып, көптеген нақтылы фактілер келтіріп, әкімшілік-өктемдік жүйені айыптады. Митингіге шыққандарды «ұлтшылдар» деп айыптаған өкімет шешімдерінің шындыққа жатпайтынын, ол халыққа жапқан жала екенін әшкереледі.

Аланда соққыға жығылған жастардың ішінен 768 адам медициналық көмек сұрап келгенін, оның ішінде 204 адам хал үстінде ауруханаға жатқызылғанын айта келіп, баяндамашы олардың алған жараларының түрлеріне дейін көрсетті. 1989 жылғы мамыр айының 12-нші жұлдызында Қазақстанның денсаулық сақтау министрінің орынбасары Я.А.Клебанов жараланған қазақ жастары туралы толық анықтама берді. Онда мыналар көрсетілген:

1. Терісі жыртылып, айрылған жаралылар – 123,
2. Кеудесінен соғылғандар – 126
3. Қабырғасы сынғандар – 19
4. Шабылып кесілген жаралылар – 23
5. Басы жараланып, мыйы толқығандар – 176
6. Жағы сынғандар – 25
7. Жұмсақ еті ұрылғандар – 88
8. Балтамен кесілген жаралылар – 4
9. Оқ тиіп жараланғандар – 2

Бұл қайғылы мәліметтер де Қазақстанның тоңмойын басшыларының жастарға деген жүрегін жібітпеді.

х х х

Орталық партия комитетінің отырыс залында Мәскеуден келген прокурорлар тобымен кездесу өтті. Олардың құрамында Шеляби, Запорожье, Свердлов, Волгоград, тағы басқа облыстардың прокурорлары бар екен. В.Г.Гаев солардың әрқайсысымен залда отырғандарды таныстырды. Оларды Қазақстан Орталық партия комитетінің мемлекеттік құқық бөлімі меңгерушісінің орынбасары Қайырбек Сүлейменов қошаметтеп ертіп келді. Жиналысты басқарып, пікір айтушыларға сөз беріп отырды.

Желтоқсан оқиғасын тексеруге қатысып жүрген сарапшылардың бірқатары сөйлеп, Мәскеуден келген заңгерлерге өздерінің сенбейтінін айтты. Олардың құрамы интернационалды емес деді, олар бір ғана ұлттан тұратындар. Тартыс-әңгімеде сөйлеушілердің ішінде С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың оқытушысы заңгер Сағымбай Жақсымбетов, заңгер Кәрім Аюпов, «Қазақфильм» киностудиясының режиссеры Қалдыбай Әбенов, осы кітаптың авторы, Ұлы Отан соғысының ардагері Олжабай Темірханов, тағы басқалар болды. Кездесуге барлығы елудей адам қатысты.

Мәскеуден келген прокурорлардың қатысуымен өткен осы жиналыстан кейін Желтоқсан оқиғаларын тексеруші Комиссияның атынан ССРО Жоғарғы Советінің депутаты М.Шаханов Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаев пен ССРО Бас прокуроры Сухаревтың атына хат жазып, онда Мәскеуден келген прокурорлар тобының жұмысы қанағаттанғысыз болғанын, тек ғана қазақ жастарын кінәлеп, біржақтылыққа салынғанын хабарлап, олар тұсынан жоғарыға түсірілген «Қорытынды құжаттарды» дұрыс деп санамауды, оларды еске де алмауды сұраған.

Сол хатқа қосымша мәскеулік прокурорлар тексермей, мән бермей кеткен кейбір қылмыстық фактілер жөнінде де айтылған:

Тексеру материалдарының ішіне қосылған аланда қасірет шеккендерден түскен 90 адамның арызын прокурордар қараған жоқ. Көкшетау облысының Володар ауданына Алматыдан апарылған бір қыздың өлігі жөнінде хабарды тексеруден прокурорлар бас тартты.

Қаскелен, Қапшағай және Медеу маңына шығарылған өліктер жөнінде 1987 жылы 26 мамырда газетте жазылған хабарды прокурорлар оқып шығып, сол қалпымен тексерусіз қалтырды.

«Қазақфильмнің» операторы А.Г.Милюков 17-18 желтоқсан күндері КГБ қызыметкерімен бірге жүріп аланда түсірген 1000 метрлік касетадағы лентаны көріп, мәскеулік заңгерлер ешқандай пікір айтпады.

ССРО Жоғарғы Советінің және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің аттарына жазған Рысқұлбековтың Савицкийдің өліміне ешқандай қатысы жоқ екені жөнінде, өзінің кінәлі емес екені туралы арызын Қазақстан өкіметі мен Мәскеу прокурорлары қарамай тастады. Савицкийге компенсация белгілеп, оны Рысқұлбековтың отбасына төлеткізетін шешім қабылдады.

Е. Сыпатаевтың өліміне кім кінәлі екенінің бетін ашпады.

х х х

Желтоқсан күндерінде қазақ жастары өз алдына мақсат етіп армандаған демократия, жарилылық, бостандық, әр ұлттың өзін өзі басқаруы егеменді елімізде іске аса бастады. Желтоқсанның 17-сі күнін қазақ тарихындағы тұңғыш президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жарлығымен «Демократиядық жаңару күні» деп жариалады. Бұл күн біздің бүгінгі эволюциялық дамуымыздың революциялық бастамасы болды. Ұшқыр жастардың ыстық жүрегінен шыққан лапылдаған намыс оты мәңгі өшпей, ғасырлар бойы сәулесін шәшіп тұрмақ.

1992 жылы 5 – қыркүйекте Алматы облысы Жамбыл ауданының жерінде «Желтоқсан – ар-намысым, қасіретім, мақтанышым» деген ұранмен үлкен салтанатты жыйын өтті. Жиынға оқиғаның мәні мен мазмұнын дәл білдіретін жоғарыдағыдай ат берген де Мұхтар Шаханов болатын. Сол салтанатта Қырғызстанның президенті Асқар Ақаев қатысып, былай деді: «Қазақтың наны бүкіл Одақтың жартысын тамақтандырып келеді, Бұхарда пұлын болса көңілің тоқ дегендей, тәуелсіз қазақ елі барда бәріміз де қуаныштымыз. Қазақстан аттың қасқасындай анық белгілі дүниежүзілік мемлекет болды».

Осы үлкен салтанатта Қазақстан президенті Н.Назарбаев сөйлеп, жанымыз аралас, қойымыз қоралас, туысқан қырғыз халқының көркейе беруі үшін осы Желтоқсанның даңқты күндері өзімнің үлкен тілектестігімді білдіремін деді. Бұл үлкен жыйын Алатау бауырындағы кең алқапта той-думанға ұласып, ән мен күйдің көңілді кеші болып өтті.

х х х

Алматыда Ғылым академиясының үлкен залында 1996 жылы 8-қараша күні өткен Ғылыми-практикалық конференция Желтоқсан оқиғасының түпкі саяси, әлеуметтік және экономикалық себептерін талдауға үлкен үлес қосты. Осы оқиға кезінде өктемдік жүйенің қандай масқаралық роль атқарғанын ашып көрсетіп, кімнің кім екенін бетке айтып, соларды тексеру жөнінде арнаулы комиссияны басқарған Мұхтар Шахановтың конференцияда жасаған баяндамасы отырғандарды дүр сілкіндірді. Сол сияқты, Қазақстанның мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаевтың, академик Жабайхан Абдильдиннің баяндамалары оқиғаның тарихи мәнін аша түсті.

Қазіргі кезеңдегі көңілге демеу болатын үлкен жетістігіміз – ол қазақ халқының егеменді ел болып, өркениетті мемлекеттер қатарыны қосылып, олардың бізді дүниежүзілік тәуелсіз мемлекет есебінде мойындағаны. Мұндай тарихи жағдайдың жасалуына әртүрлі объективтік себептер болды. Бұл жерде ол себептерді тереңдете айтуды мақсат етіп отырған жоқпын. Тек құбылыстың бетінде, қарапайым адамның көзіне көрініп тұрғанына ғана тоқталмақпын. Қазіргі дүние жүзіндегі ең қуатты мемлекеттің ыдырауының объективтік заңдылығы Горбачевтың елді басқара алмай, дарынсыздық көрсетіп, «демократия», «плюрализм», «ой бостандығы» жөніндегі ұрандарға ғана салынып, басқару божысын бетімен жібергені сияқты тарихи кездейсоқ құбылыс түрінде көрінді. Орыстың бір мақалында айтылатындай, бұл «бақытсыздық» болмаса бақыт та келмес еді. Алдымен Ресей, Украина және Белоруссия Беловеждегі шешімдері бойынша Одақтан шығып, өздерінің жеке мемлекет болатындарын жариалады. Іле-шала басқа ұлт республикалары да осы тәуелсіздік жолына қуана-қуана түсті.

Осы тарихи бетбұрыс кезінде субъективтік фактордың мәні орасан зор болды. Біздің елімізде Нұрсұлтан Назарбаев сияқты дүниежүзілік өзгерістің бағытын болжап, тез қимылдағыш саяси қайраткер табылып, өз елін дүрлікпеуге, саспауға, бірлікке шақырып, шашыратпай жинап ала бастады. Баяғыдай «Орталыққа» қарап, енді қандай нұсқау болар екен деп, көктен бірдеңе күтіп, ауызды ашып отыратын заманның кеткенін ол басқалардан бұрын түсінді. Қазақ елінің бірінші президенті халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайын көтерудің 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағытын жасап, өсу кезеңдерін белгіледі. Бұл үлкен тарихи құжат барлығымызды да келешектен қатты үміттендіреді.

(Ықшамдалын алынды)

Мүбәрәк САДЫҚҰЛЫ

ҚАЗАҚ БАС КИІМДІ НЕГЕ ҚАДІР ТҰТҚАН?

(Басы 1-бетте)

Ханға арналған бас киім

Қазақта ер адамдар бас киімінің бірнеше түрі болған. Қай түрі болмасын үйде ер адамның бас киімін тек шешесі мен әйелі ғана ұстаған. Бұл ырым үйдегі ер адамның басын қадірлеуден туған. Қазақтың бас киімдерін зерттеумен айналысып жүрген суретші, дизайнер Мүслім Жұмағұлов сақ дәуірінен бас киім киелі саналған дейді.

– Қазақта бас киімнің түрі көп болған. Ер адамдар да, әйелдер де жасына лайық бөлекше киетін. Бас киіміне қарап хан ба, қара ма ажыратады. Мысалы, мұрақты тек арнайы мерекелерде бөріктің үстінен тек хандар киген. Өйткені мұрақ – тек хан-сұлтандарға, ел билеуші лауазымды тұлғаларға арнап тігілетін бас киім. Мұраққа қарап халық оның мансабын, дәрежесін анықтайтын болған.

Қазақ оны орналасқан аймағына қарай айыр қалпақ, сәукеле қалпақ деп те атаған. Екі жағы қошқар мүйізденіп келетін, оюлармен әсемделіп, алтын және күміс түстес жіптермен зерленіп тігіледі. Пайдаланылған жіп түрлеріне қарай мұрақтың ою-өрнегі алыстан-ақ жылтырап көрінетін болған.

– Мұрақты шошақ қалпақтың сыртынан киген. Оны әр түрлі салтанатты жиындарда, ас пен тойларда және ғұрыптық шараларда киген. Ел аузында бас киімге қатысты «Хандар киер мұрақты, қараша киер құрақты» деген мақал-мәтелдер сақталған, – дейді Мүслім Жұмағұлов.

Батырлар бұрымды болған

– Жалпы сақ дәуірінен бастап ер адамдар да бұрым өрген. Бұрым қою XVIII ғасырға дейін жалғасты. Соғыста жекпе-жекке шыққан батыр қарсыласының басынан гөрі бұрымын кесіп алса, үлкен абыройға бөленген.

Жеңімпаз кесілген бұрымды найзаның басына іліп жүрген. Найза ұшындағы бұрымға қарап, қанша батырмен күрескенін байқайтын болған. Алайда қазір найза ұшындағы шашты көп адамдар аттың қылы деп ойлайды, – дейді Мүслім Жұмағұлов.

Тымақтың да түрі көп

– Үкілі тымақты көбіне бақсылар киетін болса, үкілі қалпақ, үкілі тақия, үкілі бөрік – нәрестенің, жас балалардың атрибуты. Тіпті тымақ ешкі, қой терісінен де жасалған.

Мысалы, оңтүстікте өңірлерде күн қатты суыта қоймайтындықтан аса қалың қылып тіікпеген. Күзен, қарсақ терісінен бас киімдер киген. Солтүстік өңірлерде қозы, ешкі терісінен тіккен. Ал шығыс пен батыс жақтың қазақтарында тымақ жауырынды жауып тұратындай мол тігілген.

Әсіресе, найман мен керей руларының тымақтары ерекше. Олар тымақтың төбесін қызыл матамен көмкерген. Ал тапшылық кездің өзінде найман-керейлердің көрші отырған башқұрттардан мата алып, тымақты әсемдеп тігуі бірден көзге түсетін болған.

Қазақтар бас киімді үйдің құты мен берекесі, басқа қонған бақтың «тұрағы» деп есептеген. Сондықтан оған қатысты ырым-тыйымдар құт пен берекені сақтауға, баянды етуге бағытталады. Сол үшін де қазақ ұғымында: бас киімді тарту етпеу, ауыстырып кимеу, бас киімді қабаттамау сияқты сенімдер бар.

Бас киімге қауырсын тағу барлық халықтарда мифтік наным бойынша жердегі адамның рухтық болмысының аспан әлемімен байланысты екендігін білдіреді. Сондықтан сыйлыққа тек жаңа бас киім сыйлаған, – дейді зерттеуші.

Шала туған баланы тымаққа салып өсірген

Сондай-ақ жас нәресте үшін, әдетте айы-күні жетпей дүниеге келген бала үшін тымақтың да алар орны орасан. Ал тымақтың өзі ел арасында қасиетті саналады. «Шала туып, тымаққа салып өсірген екен» деген сөз бар. Халықта айы-күні жетпей шала туған баланы тымаққа салып, керегеге іліп қоятын дәстүр бар.

Себебі шала туған сәби ия ұстауға, ия бесікке салуға келмейді. Ал тымақ жылы, әрі бөлеуге, ұстауға ыңғайлы. Шала туған баланың неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан, күн кереге басы арқылы есептеледі.

Мысалы, қырық күні кем болса, керегенің қырқыншы басына ілінген тымақтан баланы алып, жаңа туған балаға жасалатын рәсімді жасайды. Егер бала қыста туса, үй қабырғасына бірнеше шеге қағылып, соған тымақ ілінеді. Бұл да – тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі деп түсінген.

«Тымақ ұру» дәстүрі де бар

Сондай-ақ «Тымақ ұру» немесе «Тымақ тастап, кешірім сұрау» – дау-жанжал кезінде қолданылатын дәстүр. Кінәлілер арызданушылардың алдына барып, кешірім сұрайтын болған. Ол – бітімге шақырудың ең үлкен көрінісі.

Қызды алып қашу үрдісінде де «аяққа жығыла» барған кездейсоқ құдалар да бас киімін жерге, қыз жағының алдына тастайтындығы тағы бар.

Бас киімді ер адамдар жасына қарай киген. «Алмас қылыш» сериалынан көрініс / Фото turkystan.kz сайтынан алынды

Бөрік

Ер адамның бас киімінің ең көп тараған түрі – бөрік. Ол төрт үшкілден, төрт қырлы күмбез іспетті пішіліп, арасына жүн салып астарланып, барқытпен, шұғамен, күдерімен тысталған. Бөріктің ішінен тақия киген. Абай атамыз:

– Күлпара басымда, пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын бірге қыстырған бар құрысқақ, –

деген екен.

Бөрік – ұлттық бас киім ішіндегі ең әдемісі саналған. Бөрікті қазақ жылдың қоңыр салқын, аумалы-төкпелі кезеңдері – көктем мен күзде киген. Өйткені ол киіп жүруге әрі жылы, әрі жеңіл. Бөрік үшін міндетті түрде қымбат тері қажет. Қазақта бөріктің атауларын қандай аң терісінен тігілгеніне қарай атау дәстүрі бар. «Сусар бөрік», «Құндыз бөрік», «Кәмшат бөрік» деген атаулар содан қалған.

Бөрік – көне сөз, «бөрі» – қасқыр деген сөзден шыққан. Қасқыр – түркі тайпаларының ежелгі тотемі. Пішіні бойынша бөрік конус тәріздес биік, үстіңгі жағымен дөңгелек болып немесе үстіңгі жағы кескіленіп сүйірленген болып келеді. Әрқашанда кәмшат, бұлғын, елтірі және т.б. аң терісімен жиектеп тігілген.

Сондай-ақ алтын, күміспен апталған, құндыз, кәмшат, бұлғынның терісімен жиектеп тігілген ежелгі қымбат қалпақтар, қара-құба және қызыл түлкінің терісінен жасалған қысқы тымақтар әлі де бар.

Бөрік тәріздес бас киімді қыздар да киген. Бірақ қыздардың бөрігі алқамен, үкі, көкқұтан немесе тауыстың қауырсынымен әшекейленген. Қазақтар осындай бас киімді «кәмшат бөрік» деп атайды.

Қалпақ

Ерлердің кейбір бас киімдерін киізден жасаған. Олардың ішінде ең көне және де дәстүрлісі – қалпақ. Шошақ төбелі киізден жасалған бас киім алғаш рет Пазырық қорғанында табылыпты. Ал киізден жасалған қола қаңылтыры бар шошақ бөрік Николаев облысының қорғанынан шыққан.

Қазақта қалпақтың екі түрі бар. Ақ қалпақ және айыр қалпақ деп аталады. Ақ қалпақтың айналасы тұтас дөңгеленіп тұрады. Ақ киізден жасалған биік болады. Тігуіне байланысты «ақ қалпақ» деп атаса керек. Мерекелік ақ қалпақтар ақ жібекпен көмкеріліп, күміс оқамен кестеленіп, шет жағын бау тігісімен безендірілген.

Айыр қалпақтың аты айтып тұрғандай, оның етегі екі айыр болып келеді. Соңғы уақытта айыр қалпаққа айрықша мән беріліп жүр. Үстіне қарай бүгілген кең жиекті қалпақ – «айыр қалпақ».

Қалпақ – тек ерлер киетін бас киім ретіндегі саналады. Ол – киіз бас киімдердің ішіндегі ең көнесі. Қазіргі өндіріс мүмкіндігі молайып, материалдар көбейген заманда оны қалың драптан да тіге береді.

Телпек

Телпек – қалпақтың бір түрі. Телпек – ол сұлтан қалпағы, сол себептен телпекті XIX ғасырдың ортасына дейін тұрмыста қолданыста болған.

Тақия

Тақия – барқыт, қамқа немесе оқалы паршадан жасалған жеңіл жазғы бас киім. Ежелгі уақытта олардың шетін құндыз, кәмшат, тиін терісімен жиектеп тігіп, күміс және алтын тоқыма баумен әшекейлеген.

Әйелдердің бас киімдері

Қазақ дәстүрінде ер адамның тері сіңген бас киімін ешкімге сыйға тартпағанмен, әйелдерде ол дәстүр жоқ. Керісінше ізін басып келе жатқан келіндеріне өзінің жолын берсін деп ырымдап, өздері тағып жатады. Алайда қыз бала басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі.

Қазақта ер болсын, әйел болсын бас киіміне құрметпен қараған. Дүниеге келген қыз балаға тұлым, ал ұл балаға айдар салған. Тәй-тәйлап жүрген кезден бастап, көз тимесін деп маржандап әшекейленген тақия кигізген. Бес жасынан бастап шашын өріп, шолпы таққан. Осылайша үкілі тақия, бойжеткен соң кәмшәт бөрік киген дейді этнограф Құралай Сәрсембина.

– Күйеуге тиетін кезде дәстүр бойынша қызға сәукелені, басқа да киімдерін әкесінің үйінде ұзатылар сәтте жеңгелері арнайы келіп оң жақтағы үкілі тақиясының орнына кигізіп, енесінен байғазы алған. Жас келін түскен жерінде бір жылға дейін желек жамылып жүреді. Қазақта сонымен қатар, «шарғы салу» деген салт бар. Ол бойынша ұзатылған қыз өзіне таяу сіңілісіне басына тартатын орамалын «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген ниетпен тарту етеді.

Киелі бас киімдер қатарынан саналатын сәукеле – ертеден келе жатқан қалыңдықтың негізгі атрибуты саналды. Қазақы дәстүрдегі сәукеле кигізу де ерекше салт. Ол бойынша қалыңдыққа сәукеле кигізу рәсіміне барлық құда-құдағилар шақырылып, ақ бата айтылып, жөн-жоралғы жасалып, сәукеле кигізуші «ана» байғазы алған. Жалпы сәукеле ең қымбат бас киім саналған. Тастармен көмкерілген кейбір сәукеленің салмағы жеті келіге дейін тартқан, – дейді этнограф.

Қасаба

Қазақ ұғымында сәукелемен қатар жүретін бас киімдердің бірі – қасаба. Кейінгі уақытқа дейін белгісіз болған қасабаны қазақ халқының дәстүрлі киімдерінің бірі ретінде танытқан этнограф Ө.Жәнібеков. Оның айтуынша, қасаба – көне түркі, қыпшақ бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңірген. Қасабаны тақиядан сәл биіктеу қылып тігеді. Арт жағында әйелдің бұрымын жауып тұратын желегі болған.

Қасаба – «алтын зерлі» деген мағынаны береді. Оның өн бойы түгелдей зерлі жолақпен әдіптеліп, алтын жіптермен кестеленетін болған. Қасабаны келіншек үкісіз, желексіз, сыртына жаулық салып, тойдан кейін де киген. Ол қазақ тіліндегі «қасабалы келіншек», «қасабалы қалыңдық» деген атауды қалыптастырған.

Кимешек

Кимешек – әйелдердің негізгі бас киімі. Әдетте, бұл бас киімді кию рәсімі де ауыл арасында ерекше аталып өткен. Ол бойынша жаңа түскен келін аяғы ауыр болғаннан кейін, сән-салтанатқа сәукеле киюді ерсі санап, ауыл әйелдерін шақыртып, оның ішіндегі құрметті саналғаны кимешек кигізу рәсімін жасаған. Ол үшін кимешек кигізуші сый-сияпат алған.

Кимешек – көбінесе ақ матадан, немесе ақ жібектен тігілетін бас киім. Кимешек басты, кеудені, арқаны жауып тұратын болған. Оның жиектерін көмкеріп кестелейді. Жас келіншектерге бет жақтауы жалпақтау болып, кестесі де көркем тігіледі. Москал тартқан әйелдердің кимешегінің бет жақтауы тар болады. Бірақ әшекеленбейді.

Кимешектің қазақ рулары мен тайпаларының өзгеше болуына байланысты әртүрлі үлгілері бар. Кимешекті 25-40 жас аралығындағы әйелдер киген. Маңдайы оқалы, биік сұлама кимешек әйелдің өңіне салтанатты кейіп береді.

Кимешектің күрделі пішімі – басқа киілетін бөлігі. Ол – «төбелдірік», «шықшыт», «желке», «маңдай», «алқым», «иін» деп аталатын бедер қиындылардан құралады. Ұзындығына қарай кимешек – арқа жабар, бел жабар (түйе кимешек), қылта шалғай, өкше қағар болып төрт өлшемге бөлінген.

Кимешек киген қазақ аналары / Фото e-history.kz сайтынан алынды

Жеті жарғыда да бас киім туралы айтылған

Ежелгі «Жеті жарғы» заң ережелерінде «Сары жаулық» деп аталатын құн түрі бар. Кісі өлтірушінің туыстары құн төлеуге келісетіндерін білдіріп, өлген адамның үйіне жаулық жіберулері керек екен. Күйеуін кісі өлтірген әйел өзінің қаралы екендігін таныту үшін бір жыл бойы сары жаулықты тағып жүретін болған.

Қауырсынды аспан әлемімен байланыстырған

Ата-бабаларымызда бас киімге қауырсын тағу дәстүрі де бар. Мұны «Алтын адамның» бас киімінен көруге болады. Оған төрт алтын қауырсын тағылған. Таңбалы таста да осындай қауырсынды бас киім киген, малдас құрып отырған адам суреті бейнеленгенінен байқаймыз. Мифтік наным-сенім бойынша бұл жердегі адамның рухтық болмысының аспан әлемімен байланыста екендігін білдірген.

Қазақ әйелі бас киімді жасына қарай киген

Тақия – кестелеп, сырып тігілген дөңгелек, жеңіл бас киім. Үкілі тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі. Ол ұлттық өрнек мәнеріне тігілуіне қарай әр түрлі болған. Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл т.б. түстермен, шұға, барқыт, мәуіті сияқты маталармен тігіледі. Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендіріледі. Үкінің үлпілдек қауырсынын әсемдік үшін тақияның төбесіне қадайды. Бұл қазақ халқының арасына көне діни ұғымға байланысты үкі құсын «қасиетті құс» деп, тотем тұтқандығынан пайда болған.

Жаулық – әйелдер басына тартатын орамал. Жаулықтың жібектен, матадан, жүннен жұқа етіп тоқылғаны да, қалың етіп тоқылғаны да болады. Жүннен қалыңдап тоқығанын «бөртпе» деп атайды. Жібектен не матадан шашақ шығармай тоқыған түрін «салы» деп те атаған.

Қазақ әйелдерінің жас ерекшелігіне қарай жаулық әртүрлі болады. Бүркіншек – басқа салатын жамылғы.

Ақ бүркеншік салған жұрт,
Ал ендігін жаққан жұрт

Қызыл маржан таққан жұрт (Едіге батыр), – деген өлең жолдарындағы яғни жамылу мағынасында дәл келетінін байқаймыз. Бұл сөз XI ғ. түркітанушысы М.Қашқаридың сөздігінде: «бүркүншүк – қатындар бүркенетін нәрсе» деп түсіндіріледі екен.

Бөрік – елтіріден, аң терісінен істелген, матамен тысталған, құлақсыз бас киім. Бөрік қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық бас киімі болып, қыстық және жаздық болып бөлінеді. Қыстық бөрік ішіне жүн немесе мақта салып тігіледі. Ал жаздық бөрік мақта салынбай, қос астарланып тігіледі.

Жырға – әйелдің асыл тас, ақық моншақтарды тізіп әшекейлеген сәнді бас киімі. Жырға әдетте көп салпыншақты әр түсті меруерт тастардың жарқырауық сәулесімен құбылып, адамның бет-бейнесін ажарландырып бет моншақ, шұбыртпа, жақ алқа тәрізді тізіліп, бас киімнің етегін шашақтап тұрады. Өте баппен сәндеуді «ырғалып, жырғалып» деп атайды. Кейде сәукеленің шұбыртпасын, сырғаның салпыншағын, моншақ әшекейлерін жырға деп те атайды.

Әйел бас киімінің ғұмырнамасы

- 3 жас (нәресте, сәби) – ит тақия, сырма, кепеш тақия;
- 5 жастан шыт тақия – сырға тағар (қыздың сүндеті);
- 7-13 жас – үкілі тақия, тепеш, жұрынды бөрік (төрт сай, шошақ төбелі) топы, көз тәті, үлбірлі үкілеген жаннат бөрік;
- 13-тен кейін (бір мүшел) отау иесі – сораба, жанатпен жиектелген қауырсын қадаған дәрежелі қарқара бөрік;
- 25 жас (екінші мүшел) – сәт құндызды салтанатты тәж сәукеле, зерленген шашақты қасаба;
- 37 жас (үшінші мүшел) – кимешек. Кимешекке қосымша бөлшектердің атаулары: шылауыш, бұрмаша жаулық, сәлде, күндік, құндық бөрік, шыт байлама, желек, салы (шәлі);
- 49 жаста (төртінші мүшел) сән – салтанаты биязылау кимешекке қатысты қосымшалардың бәрін қолдануға болады;
- 61-73 жас аралықтары кейуана деңгейіне жатады. Бұл кезеңде баскиімнің жеңілдеу жалаң кимешек, иекше, байлауыш түрлерін киген лайық деп саналған.

– Демек, киімнің негізгі функциясы – табиғи ортаның суығы мен ыстығынан, жауын-шашыннан қорғаумен қатар, ұлт жаратылысының келбетін танытатын этнографиялық, философиялық, мифологиялық әрі тәлім-тәрбиелік түрлі қыр-сырынан ақпарат беріп, бойына сан алуан қызмет жүктеген синкретті ұғым, – дейді этнограф Құралай Сәрсембина.

Материалды дайындаған Жұлдыз АСҚАРБЕККЫЗЫ

Тарихқа орыс шовинизмі, коммунистік парадигмасынан қарауды доғару керек

Мына шәуілдек орыстардың әңгімесінен кейін қазаққа Шыңғысхан тұлғасы не үшін керек екенін түсінген шығарсыздар?! Тарихи саясаты («историческая политика») дұрыс түзілмеген елге мұндай ақпараттық шабуыл үнемі жасала береді. Әгәрәкі, бізді әлем (әуелі өзіміз әрине түйсінсек) Шыңғысхан империясының, Алтын Орда мемлекетінің заңды мұрагері деп таныса, территориялар жөнінде олар емес, біз әңгіме айтар едік. Кейінгі жылдары солтүстік көрші тарапынан оқтын-оқтын жасалып жатқан «ақпараттық түртіп көру» ойыны («информационный вброс») ертең үлкен территориялық талаптарға ұласуы мүмкін. Сол кезде өзіміздің санамызда оянған, әлем мойындаған тарихты алға тарту арқылы ғана біз мұндай қоқан-лоққыдан құтыла аламыз. Қазаққа Түркі империясы, Шыңғысхан, Алтын Орда тарихы не үшін керек дегендерге нақты жауап осы. Ал, бұған қалай қол жеткіземіз десеңіздер, біздің тарихқа орыс шовинизмі, коммунистік парадигмасынан қарауды доғару керек. Өкінішке қарай, тарихымызға деген мұндай көзқарас біздің қанымызға әбден сіңіп кеткен. Содан арылмасақ, өз тарихымызға әуелі өзіміз сенбесек, осылай мәжін боп жүре береміз...

Ақберен ЕЛГЕЗЕК,
Facebook-тегі парақшасынан

Біздің ел – Қазақстан, болашағы – Жас Ұлан

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,

Тәуелсіз Қазақстан – елім менің, – дей келе, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында Баскұншы ауылы «Крылов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мемесінде Тәуелсіздік мерекесіне орай еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді көздейтін Біріңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің қатарына оқушыларды қабылдау рәсімі қашықтықтан өткізілді.

«Жас Қыран» ұйымына 43 оқушы, «Жас Ұлан» ұйымына 24 оқушы қабылданды. Мектебіміздің басшысы Чакаева Гульнара Сулейманқызы ұйымға өткен оқушыларды құттықтады. «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстук және төсбелгілерін оқушыларға ата-аналары табыстады. Ұйымға қабылданған оқушылар патриот болуға, ел мен жерді, ата-ананықадірлеуге, оқудаозат, еңбектеадалболуға, табиғаттыаялауға ант берді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында осы жас өркендерді бәсеге қабілетті, өзіміздің құндылықтарымыз бен дәстүрімізді сақтай отырып, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге болашақ ұрпаққа керектігін айтып, бағыт-бағдар берді. Бүгінгі «Жас Ұлан», «Жас Қыран» қатарына өткен оқушылар да осы елбасымыз меңзеген дара жолдан ауытқымай еліміздің өркендуіне өз үлестерін қосады деп сенеміз.

К.Б. АБИТОВА,
«Крылов атындағы орта мектеп» КММ педагог-ұйымдастырушы. Баскұншы ауылы.

Ел ертеңі – жастар

«№6 орта мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Тәуелсіздік мерекесіне орай балалар мен жасөспірімдерге тәлім-тәрбие беруге баса көңіл бөлетін ұйымға «Жас ұлан» атауы беріліп, ұйымның негізгі мақсаты ретінде – ұлттық құндылықтарға сай, рухани-адамгершілік қасиеттері мол, білімі мен білігі мықты тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм бағытында тәрбиелеу мәселелері анықталды. Бүгінде аталған ұйым уақыт өткен сайын ширай түсіп, дамып келе жатқанына көз жеткізе түсудеміз. «Жас қыран» деп аталатын төменгі буынға 2–4 сынып оқушылары қабылданса, ал жоғарғы сапына 5–8 сыныптағы оқушылар алынуда.

«Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына қабылдау рәсімі «ZOOM» платформасы және ватсап желісі арқылы өткізілді. Салтанатты жиында әнұран орындалып, мектеп директоры Көбелекова Айтжамал Шағманқызы болашақ жастарымызды мерекелерімен құттықтады. Ұйымға мектептегі жақсы оқитын озат, алғыр тапқыр, обылыстық, аудандық байқау жеңімпаздар қабылданды.

«Жас ұлан» ұйымының басты бағытына тереңірек тоқталатын болсақ, ол жеткіншектерді парасаттылыққа үйретумен, ұлт рухын көтеріп, жігерлі болуға баулу мәселесімен ұштасып жатқанын айта кету орынды. Ерінбей еңбек еткеннің ісі зая кетпейтінін түсіндіру. Ең бастысы, өз елін, жерін сүюге шақыру. Қоғамдық бірлестіктің ең басты міндеті де осы. «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау рәсімінде мақсаты мен міндеттері түсіндірілді. Білім алушыларға төсбелгілері мен галстуктарын ата-аналары құрметпен тағып, ант беріп қуанышты көңіл күйде өткізілді.

«Біз, Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйының қатарына кіре отырып, Отанымыз — Қазақстан Республикасының патриоты, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге, Туған еліміз, жеріміз, Отанымызды мақтаныш етуге, ата-анамызды қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, білімге табандылықпен ұмтылуға, салауатты өмір салтын ұстануға,табиғатты аялауға, «Жас ұлан» ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымыздан талап етуге, біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі, өнегесі негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге Ант етеміз!».

Міне, бұл барыстай бұлқынған, арыстандай айбатты жастардың, тұлымшағы желкілдеген жеткіншектерінің, сенімді ұл-қыздарының Отан алдындағы бірден-бір парызы. Ант еткені — «Жас ұлан» ұйымының балаларды қажетті бағыт-бағдармен жетелейтінінің айқын айғағы іспетті. Жас қырандарымыз, жас ұландарымыздың қанаты қайырылмасын, талмасын. «Жас ұлан, қалыспа! Қырандай қарышта» деп ізгі ниет білдіреміз.

Ой маржандары

Дін мұсылман баласына Құраннан асқан киелі хәм рухани қазына жоқ. Құран Кәрім барлық ғылым мен білімнің қайнар көзі. Шексіз материя, ғаламдық құбылыстар, сан алуан тіршілік, адами сана-сезімнің тылсым сырларын ұқтырар Ұлы ұстазымыз-киелі Құран болып табылады. Жүректі кернеген мақтанышпен, асқақ рухпен қасиетіңнен айналайын, шапағаты мол ислам дінім дегім келеді!

***

Біз мына өмірімізді мүлде басқа арнаға бұрып жіберген нарықтық заманның керемет білгіштері, жаны мен рухы таза періштелері емеспіз. Бар болғаны сана-сезімі дүмбілез Құрымбайлары ғанамыз.

***

Желе жортқан салт басты, сабау қамшылы, күпілі қазақ темір тұлпарлы капитализм алпауыттарымен тізе қағыстыратын заманға да келіп жеттік. Өзінің көлденең көк аттының құлы емес, Тоныкөк пен Күлтегіндей хас батыр, даналар мен Тұмар ханшайымдай қаһарман ананың ұлы екенін танытатын кез келді. «Аттымен жарысамын деп, жаяудың таңы айырылыптының» кері келмес үшін исі қазағыңды қолтығынан демейтін кезің келді, айналайын биліктегі қандастар! Өз елі мен жерінде қаны, жаны мен жүрегі таза, текті қазағым қашанғы кірмелерге қор болмақ? «Жаман үйді қонағы билейдінің» керін келтіру ұлтымызға сын екенін, Ұлы Даланың киесі мен иесі қазақ халқы екенін басқалардың санасымен ұғынатын кезі әлдеқашан жетсе де мойындамауы Жаратқан мен халықтың алдында жасалған күпірлік, тойып секіргендік болып табылады.

***

Тіс болмаса сумаңдаған қызыл тіл талайды сорлатар еді-ау.

***

Кейбір мүйізі қарағайдай қалталы ағайындарымыз шүберектік кәдеге жарамағанда халқы мен мемлекетіне еңбегі сіңген жалғыз қандасымызға өз зейнетақысынан жырып беріп, 25 мың теңгеге сахна киімін тіктірген Майра апайдай атымтай жомарттары бар ұлттың бағы зор десек те жерін сату-анасын сату екеніне азаматтық саналары жетпеген мысық тілеу ұлдары бар ұлттың соры қалың-ау, сірә. бҚашан да бағын соры тұсаған қайран қазағым-ай.

***

Біз демократия атты дәулетті де сәулетті ғимарат алдында жаға жыртысып, төмпештесіп, ілгері жылжығанымызды етектен тартып немесе шалып омақаса астырып, даурығысып-ақ жатырмыз. Жабайы да анайы спектаклді алға басу, даму деуге қалай ғана азаматтық арымыз барады, ағайын!

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №1869